

"Мұнай мен газды өңдеу және сату" бағыты бойынша мұнай-газ саласындағы кәсіптік стандарттарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 486 бұйрығы

"Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 5-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Мұнай, газ және оларды қайта өңдеу өнімдерінің сапасын бақылау" кәсіптік стандарты;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Жабдықтың сенімділігі және механикалық тұтастығын қамтамасыз ету" кәсіптік стандарты;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Қосалқы жүйелерге, бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматикаға қызмет көрсету" кәсіптік стандарты;
- 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Жедел-диспетчерлік басқару" кәсіптік стандарты;
- 5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Мұнайды, газды және мұнай-газ химиясын өңдеу" кәсіптік стандарты;
- 6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Мұнай мен газды қайта өңдеу өнімдерін қабылдау және жөңелту" кәсіптік стандарты;
- 7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес "Мұнай және мұнай өнімдерін іске асыру" кәсіптік стандарты;
- 8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес "Мұнай және газ өндіру технологиясы" кәсіптік стандарты;
- 9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес "Мұнай мен газды (шикізатты), қайта өңдеу өнімдерін тауарлық өндіру, сақтау" кәсіптік стандарты;
- 10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес "Мұнай-газ өңдеу және мұнай-газ химия өнеркәсібінде өндірісті және өткізуді басқару" кәсіптік стандарты;
- 11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес "Жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеуді басқару" кәсіптік стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай тасымалдау және өңдеу департаменті заңнамада бекітілген тәртіппен:

- 1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік

кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық оның алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі ресми жариялануына сілтеме Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасында орналастыру үшін жіберуді;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің Құқықтық қызмет департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің міндетін атқарушы*

А. Жамауов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
міндетін атқарушы
2024 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 486 бұйрығына
1-қосымша

"Мұнайдың, газдың және оларды өндеуден шығатын өнімдердің сапасын бақылау" кәсіптік стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолданылу саласы:

"Мұнайдың, газдың және оларды өндеуден шығатын өнімдердің сапасын бақылау" кәсіптік стандарты (бұдан әрі – кәсіптік стандарт) жұмыскерлердің біліктілігі мен құзыреттілігі деңгейіне, еңбектің мазмұнына (ерекшелігіне), сапасы мен шарттарына қойылатын талаптарды айқындау үшін негізгі кәсіптерді құрылымдау, жұмыстардың сипаттамалары мен жұмыскерлердің негізгі еңбек функцияларын сипаттау үшін Қазақстан Республикасының "Кәсіптік біліктілік туралы" заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді. Осы кәсіптік стандарт мұнай-газ өнеркәсібінде шикізатты

өндіруден бастап дайын өнімнің түпкілікті тұтынушыға жеткенге дейінгі өндірістің барлық кезеңдерінде мұнайдың, газдың және оларды өңдеуден шығатын өнімдердің сапасын қамтамасыз ету үшін қолданылады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

2) газ – шикі газ, тауарлық газ, сұйытылған мұнай газы және сұйытылған табиғи газ ;

3) дағды (машық) – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;

4) кәсіптік стандарт – ресми және (немесе) бейресми және (немесе) ақпараттық (өз бетінше алған) білімін ескере отырып, білімге, машыққа, дағдыға, жұмыс тәжірибесіне, біліктілігі мен құзыреттілігі деңгейіне, кәсіптік қызметтің нақты бір саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

5) шеберлік (білім) – кәсіптік міндет шеңберінде жекелеген бірлі-жарым іс-әрекетті физикалық тұрғыдан және (немесе) ақыл-оймен орындау қабілеті;

6) мұнай – негізінен күрделі қоспадан тұратын, өзіне тән иісі бар, табиғи майлы жанғыш сұйықтық;

7) салалық біліктілік шеңбері – Қазақстан Республикасының Ұлттық қызметтер жіктеуші, ұлттық біліктілік шеңбері негізінде әзірленеді және салада орындалатын жұмыстардың күрделілігіне және пайдаланылатын білімдердің, іскерліктер мен құзыреттердің сипатына байланысты мамандардың біліктілігіне қойылатын талаптарды деңгейлер бойынша жіктейді. Салалық біліктілік шеңберлерін уәкілетті орган айқындаған тәртіппен салалық мемлекеттік органдар әзірлейді және (немесе) өзектендіреді. Салалық біліктілік шеңберлерін кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестер бекітеді;

8) сапаны бақылау – түпкілікті өнімнің тиісті сапасын қамтамасыз ету үшін өнімді өндіру процесінде өнімді бақылау.

3. Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

1) БА - біліктілік анықтамалығы;

2) БТБА - бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

3) КС – кәсіптік стандарт;

4) СБШ - салалық біліктілік шеңбері;

5) ЕАЭО - Еуразиялық экономикалық одақ;

6) ПӘК – пайдалы әсер коэффициенті;

7) ТЖКБ – техникалық және кәсіптік білім.

2 тарау. Кәсіптік стандарттың төлқұжаты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Мұнайдың, газдың және оларды өңдеуден шығатын өнімдердің сапасын бақылау.

5. Кәсіптік стандарттың коды: С19201078.

6. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ-ға) сәйкес секцияны, бөлімді, топты, сыныпты және кіші сыныпты көрсету:

С өңдеу өнеркәсібі;

19 Кокс және мұнай өнімдерін өндіру;

19.2 Мұнай өнімдерін өндіру, шымтезек пен көмірден брикеттерді өндіру;

19.20 Мұнай өнімдерін өндіру, шымтезек пен көмірден брикеттерді өндіру;

19.20.1 Мұнай өнімдерін өндіру;

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: осы кәсіптік стандартта мұнайдың, газдың және оларды өңдеуден шығатын өнімдердің сапасын бақылау жөніндегі негізгі лауазымдардың жұмыс сипаттамалары мен еңбек функциялары келтірілген. Мұнай мен газды өңдеуден алынған өнімдердің негізінде бүгінде барлық техника жұмыс істейді, техникаға қызмет көрсетіледі және қажетті жұмыс ресурсымен қамтамасыз етіледі. Мұнайдың, газдың және оларды өңдеуден шығатын өнімдердің сапасын бақылау – тиісті тауарлар нарығындағы негізгі шарт және стандартқа сай емес (жарамсыз) тауарлардың шығарылуынан сақтандыру болып табылады.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

1) зертхана бастығы (өңдеу өнеркәсібі) - СБШ 7 деңгейі;

2) инженер-химик (мұнай және газ) - СБШ 6 деңгейі;

3) инженер зертханашы, химия - СБШ 6 деңгейі;

4) химиялық талдау зертханашысы - СБШ 4 деңгейі;

5) химиялық талдау зертханашысы - СБШ 3 деңгейі;

6) сапа жөніндегі инженер - СБШ 6 деңгейі;

7) 3.1 отынды мотормен сынау жөніндегі машинист - СБШ 3 деңгейі;

8) Сынама алушы - СБШ 2 деңгейі;

9) Сынама алушы - СБШ 3 деңгейі;

10) химиялық талдау зертханашысы - СБШ 2 деңгейі;

11) 3.2 отынды мотормен сынау жөніндегі машинист - СБШ 3 деңгейі.

3-тарау. Кәсіптер карточкалары

9. "Зертхана бастығы (өңдеу өнеркәсібі)" кәсібінің карточкасы	
Топтың коды	1321-0
Қызмет атауының коды	1321-0-032
Кәсіптің атауы	Зертхана бастығы (өңдеу өнеркәсібі)
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	7

СБШ бойынша біліктіліктің деңгейшесі	-		
БТБА, БА бойынша біліктілік деңгейі және ұйымдардың қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары:	Басшылар, мамандар және өзге де қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы, "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 Желтоқсанда № 22003 болып тіркелді. § 68. Орталық зауыт зертханасының бастығы		
Кәсіптік білім деңгейі	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)	Мамандығы: (Физика және химия ғылымдары)	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, резидентура)	Мамандығы: (Физика және химия ғылымдары)	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандығы: Өндірістік және өңдеу салалары	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар	Кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және өндірісті технологиялық даярлау бойынша жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.		
Бейресми және ақпараттық біліммен байланысы	Талап етілмейді		
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары	1321-0-018 - Зертхана меңгерушісі (өңдеу өнеркәсібі) 1321-0-047 - Орталық зауыт зертханасының бастығы (өңдеу өнеркәсібі)		
Қызметтің негізгі мақсаты	Мұнайдың, газдың және оларды өндеуден шығатын өнімдердің сапасын бақылау процесін басқару		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі	Міндетті еңбек функциялары	1. Мұнайдың, газдың және оларды өндеуден шығатын өнімдердің сапасын бақылау процесін басқару	
	Қосымша еңбек функциялары	-	
		Машықтар: 1. Бөлімшенің қызметін тікелей басқару; 2. Нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес өнімнің бекітілген номенклатурасы бойынша сынаулар өткізуді ұйымдастыру; 3. Сынау нәтижелері бойынша құжаттаманың ресімделуін бақылау (есептер, сапа паспорттары, анықтамалар). 4. Улы заттар мен прекурсорларды қабылдау, есепке алу, сақтау, пайдалану және кәдеге жарату жөніндегі жұмыстардың қауіпсіз орындалуын ұйымдастыруды қамтамасыз ету.	

5. Сапаның сәйкестігін зертханалық бақылауды қамтамасыз ету үшін химиялық және физика-химиялық сынақтар мен өлшеулер жүргізуді ұйымдастыру.

6. Өнімнің жаңа және модификацияланған үлгілерін әзірлеу кезінде сынақтар бойынша жұмыстар жүргізуді ұйымдастыру.

7. Келіп түсетін мұнайдың, газдың және оларды өңдеуден шығатын өнімдердің сапасын айқындау үшін ЕАЭО нормативтік құжаттары мен техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес зертханалық сынаулар жүргізуді ұйымдастыру.

8. Сынау нәтижелерінің дұрыстығын, объективтілігін және қажетті дәлдігін қамтамасыз ету.

9. Зертхана жабдықтарының және зертхана жұмыскерлерінің жұмыс орындарының жағдайына, олардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарға сәйкестігіне бақылау жүргізу, бар кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдау.

10. Аккредиттеу мерзімдерін бақылау.

11. Қолданыстағы өндірістік стандарттар мен техникалық шарттарға, экологиялық стандарттар мен нормативтерге сәйкестігін айқындау мақсатында өндіріске түсетін шикізаттың, материалдардың, жартылай фабрикаттардың, сондай-ақ дайын өнімнің сапасына зертханалық бақылау жүргізуді ұйымдастыру.

12. Өнімнің ақаулы болу себептерін зерттеуді және олардың алдын алу және жою бойынша ұсыныстар әзірлеуді ұйымдастыру.

13. Материалдар мен өндірілетін өнімнің сапасын өлшеу мен бағалаудың жаңа әдістерін, өнеркәсіптік санитария, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылаудың жаңа әдістерін әзірлеу және енгізу жөніндегі жұмысты басқару.

14. Цехтарда технологиялық тәртіптің сақталуын бақылауды қамтамасыз ету.

Білімдер:

1. Сынау және сынама алу әдістері бойынша стандарттар.

2. Зертхана қызметінің мәселелері бойынша заңнамалық және құқықтық актілер, әдістемелік материалдар.

3. Зертхананың жабдықтары, олардың жұмыс істеу принциптері мен пайдалану ережелері.

4. Мұнайды, газды және оларды өңдеуден шығатын өнімдерді өлшеу және олардың сапасын бақылау әдістері.

5. Мұнайдың, газдың және оларды өңдеуден шығатын өнімдердің физика-химиялық қасиеттері.

Дағды 1:

Мұнайдың, газдың және оларды өңдеуден шығатын өнімдердің сапасын бақылау үшін сынауларды басқару

Еңбек функциясы 1:

Мұнайдың, газдың және оларды өңдеуден шығатын өнімдердің сапасын бақылау процесін басқару

6. Мұнайдың, газдың және оларды өңдеуден шығатын өнімдердің сапасын айқындау тәртібі.
7. Құжаттаманы әзірлеу және ресімдеу жөніндегі нормативтік құжаттар мен нұсқаулық материалдар.
8. Шикізатқа, материалдарға және дайын өнімге қойылатын техникалық талаптар.
9. Экологиялық стандарттар мен нормативтер, өнімді мемлекеттік аттестаттау мен сертификаттаудың қолданыстағы жүйесі.
10. Техникалық құжаттаманы әзірлеу және ресімдеу жөніндегі стандарттар, техникалық шарттар және өзге де материалдар.
11. Мұнайдың, газдың және оларды өңдеуден шығатын өнімдердің сапасын бақылау саласындағы озық отандық және шетелдік тәжірибе.
12. Ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары.

Машықтар:

1. Өнімнің сапасын бақылаудың жетілдірілген әдістерін әзірлеу және енгізу — сынаулардың дәлдігі мен жылдамдығын арттыру үшін жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу, зертханалық процестерді оңтайландыру.
2. Зертханалық топтың жұмысын үйлестіру және басқару — зертхана жұмыскерлері арасында тапсырмаларды тиімді бөлу, жұмысты ұйымдастыру және міндеттердің орындалуын бақылау, персоналды ынталандыру және оқыту.
3. Зертханалық жабдықты тиімді пайдалануды қамтамасыз ету – жабдықтармен жұмыс істеуді ұйымдастыру, жабдықтарға қызмет көрсету мен оларды жаңартуды жоспарлау, тоқтап қалу уақытын азайту.
4. Сынау мен өлшеудің жаңа әдістерін енгізу — химиялық, физика-химиялық және басқа да сынаулар саласында жаңа технологиялар мен әдістемелерді зерттеу және енгізу.
5. Сынау нәтижелеріне талдау жүргізу және талдау әдістерін оңтайландыру - зертханалық сынаулардың дәлдігі мен тиімділігін арттыру жолдарын іздеу үшін алынған деректерді талдау.
6. Зертхана персоналын оқыту мен біліктілігін арттыруды ұйымдастыру — жұмыскерлердің кәсіби дағдыларын дамыту, біліктілікті арттыру үшін тренингтер мен курстар өткізу.
7. Зертханалық сынаулардың белгіленген мерзімдерде орындалуын қамтамасыз ету - барлық қажетті талдаулар мен зерттеулерді уақтылы орындау үшін жұмысты жоспарлау мен үйлестіруді басқару.
8. Жұмыс орнындағы қауіпсіздік стандарттары мен нормативтерінің сақталуын бақылау — зертханада

Дағды 2:

Сапаны бақылау және зертханалық топты басқару процестерін оңтайландыру

		<p>қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі стандарттарының, экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету.</p> <p>9. Зертхананың құжаттамасы мен есептілігін басқару - сынау нәтижелері бойынша есептердің уақтылы ресімделуін бақылау, оларды талдау және сақтау.</p> <p>10. Сынау процесінде қателіктердің шығу себептерін бағалау және жою — сынау нәтижелеріндегі ықтимал ауытқулардың немесе қателіктердің себептерін талдау және оларды болдырмау жөніндегі шараларды енгізу.</p> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өнім сапасын бақылау әдістері. 2. Нормативтік талаптар мен сапа стандарттары. 3. Зертханалық сынау процестері. 4. Зертхана жұмысын ұйымдастыру. 5. Сынау нәтижелерін талдау. 6. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелері. 7. Зертханалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету. 8. Құжаттама және есеп беру. 9. Персоналды оқыту және дамыту әдістері.
Дағдыны тану мүмкіндігі	Ұсынылмайды (талап етілмейді)	
Жеке құзыреттеріне (кабілеттеріне) қойылатын талаптар:	<p>Жүйелік ойлау;</p> <p>Стресске төзімділік;</p> <p>Аналитикалық ойлау;</p> <p>Қабылданған шешімдер үшін жауапкершілік;</p> <p>Ішінара және толық белгісіздік жағдайында шешім қабылдай білу;</p> <p>Ұйымдастырушылық қасиеттері.</p>	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар-дың тізімі	<p>ЕАЭО ТР 045/2017 "Тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған мұнайдың қауіпсіздігі туралы", КО ТР 013/2011 "Автомобиль және авиациялық бензинге, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыштарға арналған отын мен мазутқа қойылатын талаптар туралы", ЕАЭО ТР 036/2016 "Сұйытылған көмірсутекті газдарды отын ретінде пайдалану үшін оларға қойылатын талаптар" және оларға өзара байланысты стандарттар. ҚР СТ 1347-2024 "Мұнай. Жалпы техникалық шарттар", ГОСТ 31378-2009 "Мұнай. Жалпы техникалық шарттар", ҚР СТ 1183-2003 "Автомобиль бензиндері. Жалпы техникалық талаптар", ҚР СТ 2420-2013 "Джет А-1 газ турбиналы қозғалтқыштарына арналған авиациялық отын. Техникалық шарттар", ҚР СТ 1721-2007 "Моторлы отын. Этилденбеген бензин. Техникалық шарттар", ҚР СТ ГОСТ Р 52368-2009 "Дизель отыны. ЕВРО. Техникалық шарттар", МЕМСТ 305-2013 "Дизель отыны. Техникалық шарттар", ГОСТ 1012-2013 "Авиациялық бензиндер. Техникалық шарттар", ГОСТ 10227-86 "Реактивті қозғалтқыштарға арналған отын. Техникалық шарттар", ГОСТ 10585-2013 "Мұнай отыны. Мазут. Техникалық шарттар", ГОСТ 12308-89 "Реактивті қозғалтқыштарға арналған термотұрақты Т-6 және Т-8В отындары. Техникалық шарттар", МЕМСТ 20448-2018 "Коммуналдық-тұрмыстық тұтынуға арналған сұйытылған отынды көмірсутекті газдар. Техникалық шарттар", ГОСТ 27578-2018 "Автомобиль көлігі үшін сұйытылған отынды көмірсутекті газдар. Техникалық шарттар" және техникалық шарттарға</p>	

	арналған өзге де стандарттар, ГОСТ ИСО 17025-2019 "Сынау және калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне (біліктілігіне) қойылатын жалпы талаптар". ҚР СТ ИСО 3170-2022 "Мұнай және мұнай өнімдері. Сынамаларды қолмен алу әдістері", ҚР СТ ИСО 3171-2007 "Мұнай өнімдері. Сұйық көмірсутектер. Құбырлардан сынамаларды автоматы алу", ГОСТ 31873-2012 Мұнай және мұнай өнімдері. Қолмен сынама алу әдістері", ГОСТ 2517-2012 "Мұнай және мұнай өнімдері. Сынама алу әдістері", МЕМСТ ISO 4257-2013 "Сұйытылған көмірсутекті газдар. Сынама алу әдісі", ГОСТ 14921-2018 "Сұйытылған көмірсутекті газдар. Сынама алу әдісі", МЕМСТ 34224-2017 "Мұнай және газ өнеркәсібі. Жылжымалы поршені бар баллонды пайдалану кезінде сұйытылған мұнай газдарының сынамаларын алудың стандартты әдісі", ҚР СТ ASTM 3700-2015 "Мұнай және газ өнеркәсібі. Қалқымалы поршенді цилиндрді пайдалану кезінде сұйытылған мұнай газдарының үлгілерін алуға арналған стандартты сынау әдісі".		
СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланыс	СБШ деңгейі	Кәсіптің атауы	
	6	Техникалық бөлім бастығы	
	6	Инженер-химик (мұнай және газ)	
10. "Инженер-химик (Мұнай және газ)" кәсібінің карточкасы			
Топтың коды	2145-2		
Қызмет атауының коды	2145-2-005		
Кәсіптің атауы	Инженер-химик (мұнай және газ)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	6		
СБШ бойынша біліктіліктің деңгейшесі	-		
БТБА, БА және үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 24 мамырдағы № 217 бұйрығымен бекітілген Мұнай-газ өндіру саласы ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары. §21. Инженер-химик		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Физика және химия ғылымдары	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Өндірістік және өңдеу салалары	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар	I санатты инженер-химик: тиісті мамандық бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және II санатты инженер-химик лауазымында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі; II санатты инженер-химик: тиісті мамандық бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және санаты жоқ инженер-химик лауазымында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі; Санаты жоқ инженер-химик: тиісті мамандық бойынша жұмыс өтіліне қойылатын талаптарсыз жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім немесе тиісті мамандық (біліктілік) бойынша орта техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта) білім және I санатты техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.		

Бейресми және ақпараттық байланыс біліммен	Қажет емес	
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары	2145-2-004 - мұнай-химия инженері	
Қызметтің негізгі мақсаты	Мұнайдың, газдың және оларды өңдеуден шығатын өнімдердің сапасын бақылау жөніндегі жұмыстарды инженерлік қамтамасыз ету	
Еңбек функцияларының сипаттамасы		
Еңбек функциялары-ның тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Зертхана қарамағындағы аппаратуралар мен аспаптардың қалыпты жұмысын қамтамасыз ету
	Қосымша еңбек функциялары:	-
	<p>Дағды 1: Жабдықтарды дайындау және мұнай, газ және оларды өңдеу өнімдеріне сынақтар жүргізу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жабдықты метрологиялық аттестаттауға, калибрлеуге және тексеруге дайындау. 2. Нәтижелердің дұрыстығын бағалау. 3. Сынама алу. 4. Қабылдау-тапсыру сынақтары мен өлшеулерін жүргізу. 5. Зертханалық жабдықты пайдалану, өлшеу жүргізу. 6. Зертханалық сынақтар мен өлшеулердің нәтижелерін талдау. 7. Өндірістің барлық кезеңдерінде сынақтар жүргізу. 8. Өнімге арналған нормативтік құжаттаманы және оған сынау әдістерін енгізуді және игеруді қамтамасыз ету. 9. Зертхананың өлшеу құралдары мен сынақ жабдықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету, персоналды оларды дұрыс және қауіпсіз пайдалануға үйрету. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Заңнамалық және құқықтық актілер; бөлім, зертхана қызметінің мәселелері бойынша кәсіпорынның ережелері, нұсқаулықтары мен рәсімдері. 2. Кәсіпорын құрылымының бейіні, мамандануы және ерекшеліктері. 3. Зертхананың жабдықтары, олардың жұмыс істеу принциптері және оларды пайдалану ережелері. 4. Мұнай, газ және оларды өңдеу өнімдерінің сапасын бақылау үшін сынау/өлшеу әдістері. 5. Мұнай, газ және оларды өңдеу өнімдерінің сапасын анықтау тәртібі. 6. Құжаттаманы әзірлеу және ресімдеу жөніндегі нормативтік құжаттар мен нұсқаулық материалдар. 7. Ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары.
		Машықтар:

<p>Еңбек функциясы 1: Зертхана қарамағындағы аппаратуралар мен аспаптардың қалыпты жұмысын қамтамасыз ету</p>	<p>Дағды 2: Мұнай, газ және оларды өңдеу өнімдерінің сапасын бақылау жөніндегі техникалық құжаттаманы әзірлеу және ресімдеу</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мұнай, газ және оларды өңдеу өнімдерінің сапасын бақылау жөніндегі іс-шараларды өткізуді жоспарлау. 2. Нормативтік құжаттарды талдау. 3. Техникалық жұмыс құжаттамасымен жұмыс істеу . 4. Зертхана менеджменті жүйесінің жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ету. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бөлім, зертхана қызметінің мәселелері бойынша заңнамалық және өзге де құқықтық актілер, кәсіпорынның ережелері, нұсқаулықтары мен рәсімдері. 2. Кәсіпорын құрылымының бейіні, мамандануы және ерекшеліктері. 3. Зертхананың жабдықтары, олардың жұмыс істеу принциптері және оларды пайдалану ережелері. 4. Мұнай, газ және оларды өңдеу өнімдерінің сапасын бақылау үшін сынау/өлшеу әдістері. 5. Сынақтар/өлшеулер жүргізу және сынамалар алу әдістеріне мемлекеттік/мемлекетаралық стандарттар мен техникалық шарттар. 6. Мұнай, газ және оларды өңдеу өнімдерінің сапасын анықтау тәртібі.
	<p>Дағды 3: Жарамсыз мұнайды , газды және оларды өңдеуден шыққан жарамсыз өнімдерді анықтау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сәйкес келмейтін өнімді анықтай білу 2. Сәйкессіздіктердің себептеріне талдау жүргізу. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мұнай, газ және оларды өңдеу өнімдерінің номенклатурасы 2. Бөлім, зертхана қызметінің мәселелері бойынша кәсіпорынның қағидалары, нұсқаулықтары мен рәсімдері 3. Зертхананың жабдықтары, олардың жұмыс істеу принциптері және пайдалану ережелері 4. Мұнай, газ және оларды өңдеу өнімдерінің сапасын бақылау үшін сынау/өлшеу әдістері 5. ЕАЭО техникалық регламенттері және мұнай, газ және оларды өңдеу өнімдеріне арналған мемлекеттік/мемлекетаралық стандарттар 6. Шығарылатын өнімді таңбалау. 7. Мұнай, газ және оларды өңдеу өнімдерінің сапасын анықтау тәртібі 8. Мұнайдың, газдың және оларды өңдеуден шығатын өнімдердің физикалық-химиялық сипаттамалары
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Ұсынылмайды</p>	
<p>Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:</p>	<p>Күйзеліске тұрақтылық Ұйымдастырушылық қасиеттер Аналитикалық және жүйелік ойлау</p>	

Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар-дың тізімі:	<p>ЕАЭО ТР 045/2017 "Тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған мұнайдың қауіпсіздігі туралы", КО ТР 013/2011 "Автомобиль және авиациялық бензинге, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыштарға арналған отын мен мазутқа қойылатын талаптар туралы", ЕАЭО ТР 036/2016 "Сұйытылған көмірсутекті газдарды отын ретінде пайдалану үшін оларға қойылатын талаптар" және оларға өзара байланысты стандарттар. ҚР СТ 1347-2024 "Мұнай. Жалпы техникалық шарттар", МЕМСТ 31378-2009 "Мұнай. Жалпы техникалық шарттар", ҚР СТ 1183-2003 "Автомобиль бензиндері. Жалпы техникалық талаптар", ҚР СТ 2420-2013 "Джет А-1 газ турбиналы қозғалтқыштарына арналған авиациялық отын. Техникалық шарттар", ҚР СТ 1721-2007 "Моторлы отын. Этилденбеген бензин. Техникалық шарттар", ҚР СТ МЕМСТ Р 52368-2009 "Дизель отыны. ЕВРО. Техникалық шарттар", МЕМСТ 305-2013 "Дизель отыны. Техникалық шарттар", МЕМСТ 1012-2013 "Авиациялық бензиндер. Техникалық шарттар", МЕМСТ 10227-86 "Реактивті қозғалтқыштарға арналған отын. Техникалық шарттар", МЕМСТ 10585-2013 "Мұнай отыны. Мазут. Техникалық шарттар", МЕМСТ 12308-89 "Реактивті қозғалтқыштарға арналған термотұрақты Т-6 және Т-8В отындары. Техникалық шарттар", МЕМСТ 20448-2018 "Коммуналдық-тұрмыстық тұтынуға арналған сұйытылған отынды көмірсутекті газдар. Техникалық шарттар", МЕМСТ 27578-2018 "Автомобиль көлігі үшін сұйытылған отынды көмірсутекті газдар. Техникалық шарттар" және техникалық шарттарға арналған өзге де стандарттар, ҚР СТ ИСО 3170-2022 "Мұнай және мұнай өнімдері. Сынамаларды қолмен алу әдістері", ҚР СТ ИСО 3171-2007 "Мұнай өнімдері. Сұйық көмірсутектер. Құбырлардан сынамаларды автоматты алу", МЕМСТ 31873-2012 Мұнай және мұнай өнімдері. Қолмен сынама алу әдістері", ГОСТ 2517-2012 "Мұнай және мұнай өнімдері. Сынама алу әдістері", МЕМСТ ISO 4257-2013 "Сұйытылған көмірсутекті газдар. Сынама алу әдісі", МЕМСТ 14921-2018 "Сұйытылған көмірсутекті газдар. Сынама алу әдісі", МЕМСТ 34224-2017 "Мұнай және газ өнеркәсібі. Жылжымалы поршені бар баллонды пайдалану кезінде сұйытылған мұнай газдарының сынамаларын алудың стандартты әдісі", ҚР СТ ASTM 3700-2015 "Мұнай және газ өнеркәсібі. Қалқымалы поршенді цилиндрді пайдалану кезінде сұйытылған мұнай газдарының үлгілерін алуға арналған стандартты сынау әдісі".</p>	
СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі 7	Кәсіптің атауы Зертхана бастығы
11. "Инженер зертханашы, химия" кәсібінің карточкасы		
Топтың коды	2145-1	
Қызмет атауының коды	2145-1-001	
Кәсіптің атауы	Инженер зертханашы, химия	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	6	
СБШ бойынша біліктіліктің деңгейшесі	-	
БТБА, БА және үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі	<p>Басшылар, мамандар және өзге де қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы. "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 22003 болып тіркелді. § 47. Инженер-зертханашы</p>	
	Білім деңгейі:	Мамандық:

Кәсіптік білім деңгейі:	жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	(Физика және химия ғылымдары)	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Өндірістік және өңдеу салалары	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: ТЖКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша)	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: ТЖКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша)	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі білім (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша)	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар	жұмыс тәжірибесіне талап қойылмайды		
Бейресми және ақпараттық біліммен байланыс	<p>I санатты инженер-зертханашы: кадрлар даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және II санатты инженер-зертханашы лауазымында кемінде 2 жыл жұмыс өтілі;</p> <p>II санатты инженер-зертханашы: кадрлар даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және санаты жоқ инженер-зертханашы лауазымында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі;</p> <p>Санаты жоқ инженер-зертханашы: кадрлар даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды немесе тиісті мамандығы (біліктілігі) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнаулы орта, кәсіптік орта) білімі және I санаттағы техник-зертханашы лауазымында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі.</p>		
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары	2145-1-002 - Инженер-химик		
Қызметтің негізгі мақсаты	ЕАЭО-ның қолданыстағы техникалық регламенттеріне және мемлекеттік/мемлекетаралық стандарттарға, зертханалық бақылаудың бекітілген кестелерінің талаптарына сәйкестігін анықтау үшін шикізатқа, жартылай фабрикаттарға, материалдарға және дайын өнімге зертханалық талдауды/сынауды/өлшеуді ұйымдастыру және жүргізу.		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Зертханалық бақылау кестесінің уақтылы және сапалы орындалуын ұйымдастыру	
	Қосымша функциялары	-	
		<p>Машықтар:</p> <p>1. Шикізатты, жартылай фабрикаттарды, материалдарды және дайын өнімді зертханалық талдау/сынау/өлшеу.</p> <p>2. Жүргізілген сынақтар/өлшеулер бойынша қажетті есептеулерді жүргізу, алынған нәтижелерді талдау және оларды жүйелеу.</p>	

<p>Еңбек функциясы 1: Зертханалық бақылау кестесінің уақтылы және сапалы орындалуын ұйымдастыру</p>	<p>Дағды 1: Зертханалық бақылау кестесін орындау бойынша жұмыстар жүргізу</p>	<p>3. Зертханалық жабдықтың дұрыс пайдаланылуын бақылау және оны мерзімдік метрологиялық тексеруге/калибрлеуге уақтылы ұсыну.</p> <p>4. Өндірістің, сондай-ақ өндірісті зертханалық бақылаудың анағұрлым үнемді және тиімді әдістерін іздеу үшін эксперименттік және зерттеу жұмыстарын жүргізу.</p> <p>5. Технологиялық процестерді әзірлеуге және оларды игеру кезеңінде зерттеуге, сондай-ақ шикізатқа, жартылай фабрикаттарға, материалдарға стандарттар мен техникалық шарттарды әзірлеуге және енгізуге және олардың шығын нормаларын белгілеуге қатысу.</p> <p>6. Шикізатты кешенді пайдалану, тапшы материалдарды ауыстыру және өндіріс қалдықтарын кәдеге жарату жөніндегі іс-шараларды әзірлеу.</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. Нормативтік құқықтық актілер және өндіріс технологиясы, Зертхана жабдықтарын және оларды пайдалану ережелері.</p> <p>2. Шикізатқа, дайын өнім материалдарына қойылатын нормативтік техникалық талаптар, өндірістің технологиялық регламенттері, зертханалық бақылау және техникалық құжаттаманы ресімдеу жөніндегі стандарттар, ережелер, нұсқаулықтар және басқа да басшылыққа алатын материалдар.</p> <p>3. Ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары.</p> <p>4. Шикізатқа, материалдарға және дайын өнімге қойылатын техникалық талаптар.</p> <p>5. Өндірісті технологиялық дайындау, зертханалық бақылау және техникалық құжаттаманы ресімдеу жөніндегі стандарттар, ережелер, нұсқаулықтар және өзге де басшылыққа алатын материалдар.</p> <p>6. Ұқсас өнімді өндіру технологиясы саласындағы озық отандық және шетелдік ұйымдардың тәжірибесі.</p>
	<p>Дағды 2: Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу</p>	<p>Машықтар:</p> <p>1. Неғұрлым тиімді және экономикалық пайдалы әдістерді іздеу үшін зерттеу және эксперименттік жұмыстарды жүргізу.</p> <p>2. Өнімді өндіру және зертханалық бақылау.</p> <p>3. Зертханалық талдаулар, сынақтар/өлшеулер мен зерттеулер жүргізудің жаңа әдістемелерін әзірлеу және қолданыстағы әдістемелерін жетілдіру, сондай-ақ оларды игеруге көмек көрсету.</p> <p>4. Өндірістегі ақаудың (жарамсыз болудың) себептерін зерттеу, оның алдын алу және жою бойынша ұсыныстарды әзірлеуге қатысу.</p> <p>Білімдер:</p>

	және өндірісті зертханалық бақылауды ұйымдастыру	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және өндірісті зертханалық бақылауды ұйымдастыру әдістері, есептеу техникасының, коммуникациялар мен байланыстың заманауи құралдары, саладағы озық отандық және шетелдік ұйымдардың тәжірибесі. 2. Ұқсас өнімдерді өндіру технологиялары. 3. Есептеу техникасының, коммуникацияның және байланыстың заманауи құралдары. 4. Экономика, өндірісті ұйымдастыру, еңбек және басқару негіздері. 5. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және өндірісті зертханалық бақылауды ұйымдастыру әдістері.
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	<p>Стресске төзімділік</p> <p>Ұйымдастырушылық қасиеттері</p> <p>Аналитикалық және жүйелік ойлау</p> <p>Ішінара және толық белгісіздік жағдайында шешім қабылдай білу</p> <p>Қабылданған шешімдер үшін жауапкершілік</p>	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар-дың тізімі:	<p>ЕАЭО ТР 045/2017 "Тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған мұнайдың қауіпсіздігі туралы", КО ТР 013/2011 "Автомобиль және авиациялық бензинге, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыштарға арналған отын мен мазутқа қойылатын талаптар туралы", ЕАЭО ТР 036/2016 "Сұйытылған көмірсутекті газдарды отын ретінде пайдалану үшін оларға қойылатын талаптар" және оларға өзара байланысты стандарттар. ҚР СТ 1347-2024 "Мұнай. Жалпы техникалық шарттар", МЕМСТ 31378-2009 "Мұнай. Жалпы техникалық шарттар", ҚР СТ 1183-2003 "Автомобиль бензиндері. Жалпы техникалық талаптар", ҚР СТ 2420-2013 "Джет А-1 газ турбиналы қозғалтқыштарына арналған авиациялық отын. Техникалық шарттар", ҚР СТ 1721-2007 "Моторлы отын. Этилденбеген бензин. Техникалық шарттар", ҚР СТ ГОСТ Р 52368-2009 "Дизель отыны. ЕВРО. Техникалық шарттар", МЕМСТ 305-2013 "Дизель отыны. Техникалық шарттар", МЕМСТ 1012-2013 "Авиациялық бензиндер. Техникалық шарттар", ГОСТ 10227-86 "Реактивті қозғалтқыштарға арналған отын. Техникалық шарттар", МЕМСТ 10585-2013 "Мұнай отыны. Мазут. Техникалық шарттар", МЕМСТ 12308-89 "Реактивті қозғалтқыштарға арналған термотұрақты Т-6 және Т-8В отындары. Техникалық шарттар", МЕМСТ 20448-2018 "Коммуналдық-тұрмыстық тұтынуға арналған сұйытылған отынды көмірсутекті газдар. Техникалық шарттар", МЕМСТ 27578-2018 "Автомобиль көлігі үшін сұйытылған отынды көмірсутекті газдар. Техникалық шарттар" және техникалық шарттарға арналған өзге де стандарттар, ҚР СТ ИСО 3170-2022 "Мұнай және мұнай өнімдері. Сынамаларды қолмен алу әдістері", ҚР СТ ИСО 3171-2007 "Мұнай өнімдері. Сұйық көмірсутектер. Құбырлардан сынамаларды автоматты алу", МЕМСТ 31873-2012 Мұнай және мұнай өнімдері. Қолмен сынама алу әдістері", ГОСТ 2517-2012 "Мұнай және мұнай өнімдері. Сынама алу әдістері", МЕМСТ ISO 4257-2013 "Сұйытылған көмірсутекті газдар. Сынама алу әдісі", МЕМСТ 14921-2018 "Сұйытылған көмірсутекті газдар. Сынама алу әдісі", МЕМСТ 34224-2017 "Мұнай және газ өнеркәсібі. Жылжымалы поршені бар баллонды пайдалану кезінде сұйытылған мұнай газдарының сынамаларын</p>	

	алудың стандартты әдісі", ҚР СТ ASTM 3700-2015 "Мұнай және газ өнеркәсібі. Қалқымалы поршенді цилиндрді пайдалану кезінде сұйытылған мұнай газдарының үлгілерін алуға арналған стандартты сынау әдісі".		
СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі	Кәсіптің атауы	
	7	Зертхана бастығы	
	6	Инженер-химик	
12. "Химиялық талдау зертханашысы" кәсібінің карточкасы			
Топтың коды	8131-9		
Қызмет атауының коды	8131-9-149		
Кәсіптің атауы	Химиялық талдау зертханашысы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4		
СБШ бойынша біліктіліктің деңгейшесі	-		
БТБА, БА және үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі	1-шығарылым. "Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 364 бұйрығы (1-шығарылым). Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 7 қыркүйекте № 33389 болып тіркелді. § 415-416. Химиялық талдау зертханашысы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Мұнай мен газды өңдеу технологиясы	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Зертханалық технология	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар	5-разряд үшін жұмыс тәжірибесі кемінде 1 жыл. 6-разряд үшін жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл.		
Бейресми және ақпараттық біліммен байланыс	Талап етілмейді		
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары	3111-1-005-химик зертханашы, сынамашы (түтікшелер бойынша)		
Қызметтің негізгі мақсаты	Химиялық талдаулар/сынақтар/зерттеулер жүргізу		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Мұнай, газ және оларды өңдеу өнімдерінің сынамасына химиялық талдау жүргізу	
	Қосымша ақпарат	-	
		Машықтар: 5-разряд үшін: 1. Мұнай өнімдері мен басқа да сұйық заттарды айдауды жүргізу. 2. Ерітінділерді дайындау және талдау үшін сынамалар дайындау.	

3. Аналитикалық таразыларды қолдана отырып, талданатын материалдардағы ылғалдың пайыздық мөлшерін анықтау.
 4. Талданатын материалдардағы заттың пайыздық мөлшерін әртүрлі әдістермен анықтау.
 5. Мұнай мен мұнай өнімдеріндегі күкірт пен хлоридті тұздардың мөлшерін анықтау.
 6. Зертханалық жабдықты ретке келтіру.
 7. Зертханалық қондырғының жұмысын бақылау және оның көрсеткіштерін жазу.
 8. Стандартты сынау әдістеріне сәйкес ерітінділердің, реактивтердің, мұнай мен мұнай өнімдерінің, дайын өнімнің, қосалқы материалдардың, қалдықтардың құрамын сынау және өлшеу.
 9. Ерітінділердің титрлерін анықтау және тексеру.
 10. Сынақтар мен өлшеулердің нәтижелерін ресімдеу және есептеу.
 11. Зертханалық қондырғыларды қолда бар схемалар бойынша жинау (құрастыру).
 12. Аса күрделі сынақтар / өлшеулер жүргізу.
 13. Атомдық-абсорбциялық әдіспен сынақтар / өлшеулер жүргізу.
 14. Күрделі төрелік сынақтар / өлшеулер жүргізу.
 15. Стандартты емес талдау/сынақ/өлшеу нәтижелерін метрологиялық бағалау.
 16. Тестілеуге ұсынылған әдістерді тесттен өткізу.
 17. Құрғақ технологиялық және сұйытылған газға аса күрделі зертханалық сынақтар жүргізу.
- 6-разряд үшін (5-разряд машықтарына қосымша):
1. Жалпы және аналитикалық химия негіздері.
 2. Қолданылатын реактивтердің мақсаты мен қасиеттері.
 3. Зертханалық қондырғыларды құрастыру ережелері.
 4. Титрленген ерітінділерді дайындау әдістері.
 5. Бақылау-өлшеу аспаптарын және әртүрлі үлгідегі таразыларды пайдалану ережесі.
 6. Сынақтарды/өлшемдерді орындау әдістеріне арналған техникалық шарттар және мемлекеттік / мемлекетаралық стандарттар; орындалған жұмыстарға техникалық құжаттаманы жүргізу қағидалары.
 7. Аккредиттелген сынақ зертханаларына қойылатын талаптар.
 8. Күрделі сынақтар/өлшеулер жүргізу әдістемесі.
 9. Зертханалық жабдыққа, аппаратураға және бақылау-өлшеу аспаптарына қызмет көрсету қағидалары.
 10. Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау туралы нормативтік актілердің талаптары, жұмыстарды

Дағды 1:
Мұнайды, газды және оларды өңдеуден шығатын өнімдерді талдау бойынша жұмыстар жүргізу

қауіпсіз орындау нормаларын, әдістері мен тәсілдерін сақтау.

11. Титрлерді анықтау (орнату) және тексеру тәсілдері, қолданылатын реактивтердің, реагенттердің қасиеттері және оларға қойылатын талаптар.

12. Төрелік талдаулар мен сынақтар жүргізу.

13. 1-дәлдік сыныбындағы арнайы электронды таразыда өлшеу.

14. Автоматты титраторларда титриметриялық талдау жүргізу.

15. Хроматографтардың, титраторлардың, спектрофотометрлердің және өзге де аспаптардың ақауларын диагностикалау.

16. Аттестатталған қоспаларды дайындау.

17. Талдау жүргізудің жаңа аспаптары мен әдістерін игеру және енгізу.

18. Нормативтік құжаттамаға сәйкес тауарлық өнімге талдау жүргізу.

19. Аспаптарды калибрлеуді жүргізу.

20. Заманауи есептеу техникасы құралдарын қолданып, химиялық талдау нәтижелерін өңдеу.

Білімдер:

5-разряд үшін:

1. Жалпы және аналитикалық химия негіздері.

2. Қолданылатын реактивтердің мақсаты мен қасиеттері.

3. Зертханалық қондырғыларды құрастыру ережелері.

4. Титрленген ерітінділерді дайындау әдістері.

5. Бақылау-өлшеу аспаптарын және әртүрлі үлгідегі таразыларды пайдалану ережесі.

6. Сынақтарды/өлшеулерді орындау әдістеріне арналған техникалық шарттар және мемлекеттік / мемлекетаралық стандарттар; орындалған жұмыстарға техникалық құжаттаманы жүргізу қағидалары.

7. Аккредиттелген сынақ зертханаларына қойылатын талаптар.

8. Сынақтар/өлшеулер жүргізу әдістемесі, жалпы және аналитикалық химия негіздері.

9. Зертханалық жабдыққа, аппаратураға және бақылау-өлшеу аспаптарына қызмет көрсету ережелері.

10. Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау туралы нормативтік актілердің талаптары, жұмыстарды қауіпсіз орындау нормаларын, әдістері мен тәсілдерін сақтау.

11. Титрлерді анықтау (орнату) және тексеру әдістері, оларға қолданылатын реактивтер мен реагенттердің қасиеттері.

Еңбек функциясы 1:
Мұнай, газ және оларды өңдеу өнімдерінің сынамасына химиялық талдау жүргізу

12. Қызмет көрсетілетін учаске бойынша сынақтарды/өлшемдерді орындау әдістеріне және тауарлық өнімдерге арналған мемлекеттік/мемлекетаралық стандарттар.

13. Ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары.

6-разряд үшін (5-разрядты білімге қосымша):

1. Күрделілігі орташа сынауларды / өлшеулерді жүргізу әдістемесі және қолданылатын реагенттердің қасиеттері.

2. Қолданылатын аспаптар мен аппараттардың жұмыс істеу принципі, оларды пайдалану тәртібі.

3. Жүргізілген талдаулар нәтижелерін математикалық өңдеу тәртібі; талдау жүргізу әдістемесін әзірлеу негіздері және таңдау принципі.

4. Қолданылатын аспаптар мен аппаратураларды калибрлеу әдістері.

5. Ақпаратты автоматты өңдеу әдістері.

6. Орындалатын жұмыс көлеміндегі жалпы химия, физика негіздері.

7. Топырақ сынамаларын алу ережелері мен тәсілдері.

8. Сарқынды және жер асты суларының сынамаларын алу ережелері мен тәсілдері.

9. Зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету ережелері.

10. Шекті рұқсат етілген концентрациялардың (ШРК) түрлері.

Машықтар:

5-разряд (4-разрядқа қосымша машықтар):

1. Мұнай, газ және мұнай-химия өнімдері үшін стандартты химиялық талдау әдістерін қолдану.

2. Сүзу, тазарту (мөлдірлеу, тұндыру) және басқа да алдын-ала операцияларды қолдана отырып, күрделі талдауларға сынама дайындау.

3. Тығыздық, тұтқырлық, күкірт, хош иісті көмірсутектер, шайырлы заттар және басқа сипаттамалар сияқты параметрлерге талдау жүргізу.

4. Титриметрия, спектрофотометрия, хроматография сияқты стандартты химиялық талдау әдістерін қолдана отырып сынақтар жүргізу.

5. Талдау нәтижелерін түсіндіру, нормативтік мәндерден ауытқуларды анықтау және ауытқулардың себептерін талдау.

6. Құжаттамаға қойылатын талаптарды сақтай отырып, талдау нәтижелері туралы есептерді ресімдеу.

6-разряд (5-разрядқа қосымша машықтар):

1. Химиялық талдаудың күрделі әдістерін, оның ішінде газ және сұйық хроматографияны, спектрометрияны, электродтық әдістерді қолдану.

Дағды 2:
Мұнай, газ және оларды өңдеу өнімдерінің сапасын химиялық-аналитикалық бақылау

2. Зертханалық жабдықты, соның ішінде газ және сұйық хроматографтарды, спектрофотометрлерді және басқа аналитикалық құралдарды калибрлеу және реттеу.
3. Зертханааралық сынақтар жүргізу және алынған нәтижелерді басқа зертханалардың нәтижелерімен салыстыруды қамтамасыз ету.
4. Мұнай-химия өнімдеріндегі улы және зиянды заттардың құрамына талдауды қоса алғанда, төрелік және кешенді химиялық талдаулар жүргізу.
5. Алынған нәтижелер негізінде мұнай-химия өнімдерінің сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу.
6. Сапа және қауіпсіздік стандарттарының талаптарын, сондай-ақ экологиялық және өндірістік нормалардың талаптарын ескере отырып, есептерді ресімдеу және ұсыну.

Білімдер:

5-разряд үшін:

1. Химиялық талдаудың стандартты әдістері (титриметрия, гравиметрия, спектрофотометрия, хроматография).
2. Аналитикалық аспаптардың жұмыс істеу принциптері (спектрофотометрлер, хроматографтар, титраторлар, аналитикалық таразылар).
3. МЕМСТ, ISO, ASTM, API және мұнайдың, газдың және мұнай-химия өнімдерінің құрамы мен сипаттамаларын реттейтін басқа да стандарттар.
4. Мұнайдың және мұнай-химия өнімдерінің сапасына әсер ететін параметрлер (тығыздық, тұтқырлық, күкірт мөлшері және басқалар).
5. Сынамаларды дұрыс алу және оларды талдау үшін дайындау әдістері (сүзу, тазарту (мөлдірлеу)).
6. Сынамаларды сақтау және тасымалдау ережелері.
7. Деректердің дәлдігі мен дұрыстығын қамтамасыз ету әдістері (аспаптарды калибрлеу, нәтижелерді валидациялау).
8. Хаттамалар мен есептерді ресімдеу принциптері.
9. Талдау нәтижелерін түсіндіру, ауытқуларды анықтау және себептерін талдау.
10. Химиялық заттармен және реактивтермен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік стандарттары.
11. Экологиялық стандарттар және қалдықтарды жою әдістері.

6-разряд үшін:

1. Күрделі аналитикалық әдістер (газ және сұйық хроматография, спектрометрия, рентген-флуоресцентті талдау, электрод әдістері).
2. Мұнай мен газды өңдеу процестері (крекинг, дистилляция, гидротазарту және басқа операциялар).

		<p>3. Өнімнің құрамы мен сапасына әсер ететін мұнай мен газды өңдеудің технологиялық схемаларын түсіну.</p> <p>4. Күрделі деректерді талдау әдістері (көп компонентті талдау, деректерді статистикалық өңдеу).</p> <p>5. Зертханалық жабдықтарды (хроматографтар, спектрофотометрлер және басқа да аспаптар) калибрлеу, ретке келтіру және оларға қызмет көрсету.</p> <p>6. Зертханалық жағдайда сапаны басқару принциптері.</p> <p>7. Сапаны бақылау және ішкі аудит жүргізу рәсімдерін әзірлеу және енгізу.</p> <p>8. Нақты (ерекше) қажеттіліктер үшін химиялық талдаудың жаңа әдістерін әзірлеу және енгізу.</p> <p>9. Мұнай-химия өнімдерінің жаңа түрлерін талдау үшін қолданыстағы әдістерді бейімдеу.</p> <p>10. Зертханалық зерттеулердегі экологиялық қауіпсіздік.</p> <p>11. Химиялық заттармен және қалдықтармен жұмыс істеу кезінде еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау қағидалары.</p>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Қойылған міндеттерді шешуге жауапкершілік, адалдық, ұқыптылық, коммуникабельділік, орындаушылық тәртіп, тұлғааралық құзыреттілік, нәтиже мен тиімділікке бағдарлану.	
Жұмысқа рұқсаттың ерекше шарттары	<p>Жауапкершілік</p> <p>Стреске төзімділік</p> <p>Командада жұмыс істей білу</p> <p>Орындаушылық</p> <p>Дербестік</p> <p>Зейінділік</p>	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар-дың тізімі:		<p>ЕАЭО ТР 045/2017 "Тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған мұнайдың қауіпсіздігі туралы", КО ТР 013/2011 "Автомобиль және авиациялық бензинге, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыштарға арналған отын мен мазутқа қойылатын талаптар туралы", ЕАЭО ТР 036/2016 "Сұйытылған көмірсутекті газдарды отын ретінде пайдалану үшін оларға қойылатын талаптар" және оларға өзара байланысты стандарттар. ҚР СТ 1347-2024 "Мұнай. Жалпы техникалық шарттар", МЕМСТ 31378-2009 "Мұнай. Жалпы техникалық шарттар", ҚР СТ 1183-2003 "Автомобиль бензиндері. Жалпы техникалық талаптар", ҚР СТ 2420-2013 "Джет А-1 газ турбиналы қозғалтқыштарға арналған авиациялық отын. Техникалық шарттар", ҚР СТ 1721-2007 "Моторлы отын. Этилденбеген бензин. Техникалық шарттар", ҚР СТ МЕМСТ Р 52368-2009 "Дизель отыны. ЕВРО. Техникалық шарттар", МЕМСТ 305-2013 "Дизель отыны. Техникалық шарттар", МЕМСТ 1012-2013 "Авиациялық бензиндер. Техникалық шарттар", МЕМСТ 10227-86 "Реактивті қозғалтқыштарға арналған отын. Техникалық шарттар", МЕМСТ 10585-2013 "Мұнай отыны. Мазут. Техникалық шарттар", МЕМСТ 12308-89 "Реактивті қозғалтқыштарға арналған термотұрақты Т-6 және Т-8В отындары. Техникалық шарттар", МЕМСТ 20448-2018 "Коммуналдық-тұрмыстық</p>

	тұтынуға арналған сұйытылған отынды көмірсутекті газдар. Техникалық шарттар", МЕМСТ 27578-2018 "Автомобиль көлігі үшін сұйытылған отынды көмірсутекті газдар. Техникалық шарттар" және техникалық шарттарға арналған өзге де стандарттар.		
СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі	Кәсіптің атауы	
	6	Инженер зертханашы, химия	
13. "Химиялық талдау зертханашысы" кәсібінің карточкасы			
Топтың коды	8131-9		
Қызмет атауының коды	8131-9-149		
Кәсіптің атауы	Химиялық талдау зертханашысы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	3		
СБШ бойынша біліктіліктің деңгейшесі	-		
БТБА, БА және үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі	"Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер - Министрінің орынбасары-Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 364 Бұйрығы (1-шығарылым). Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 7 қыркүйекте № 33389 болып тіркелді. § 414. Химиялық талдау зертханашысы.		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТЖКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: зертханалық технология	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: негізгі орта білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: ТЖКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Мұнай мен газды өңдеу технологиясы	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар	Негізгі орта білім және кемінде 6 ай практикалық тәжірибе.		
Бейресми және ақпараттық біліммен байланыс	Талап етілмейді		
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары	3111-1-005 - Химик зертханашы, сынамашы		
Қызметтің негізгі мақсаты	Химиялық талдаулар/сынақтар/зерттеулер жүргізу		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
	Міндетті еңбек функциялары:	Мұнай, газ және оларды өңдеу өнімдерінің сынамасына химиялық талдау жүргізу	
	Қосымша функциялары	-	
		Машықтар: 4-разряд үшін (3-разряд машықтарына қосымша): 1. Стандартты сынау әдістеріне сәйкес ерітінділердің, реактивтердің, мұнай мен мұнай	

Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Мұнай және мұнай өнімдерін өндеудің технологиялық процестерін жасақтау және оңтайландыру
	Қосымша еңбек функциялары:	-
	Дағды 1:	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жобалауды автоматтандыру құралдарын қолдана отырып, прогрессивті технологиялық процестерді, жабдықтар мен технологиялық жарақтардың түрлерін, автоматтандыру және механикаландыру құралдарын, ұйым шығаратын өнімге өндірістің оңтайлы режимдерін және бәсекеге қабілетті өнім өндіруді және оны дайындауға материалдық және еңбек шығындарын қысқартуды қамтамасыз ете отырып, күрделілігі бойынша әртүрлі жұмыстардың барлық түрлерін жасақтау және енгізу. 2. Жұмыстарды орындау тәртібін және бөлшектерді өндеудің және бұйымдарды құрастырудың операциялық бағытын белгілеу. 3. Жабдықтарды орналастыру, техникалық жарақтандыру және жұмыс орындарын ұйымдастыру жоспарларын жасақтау, өндірістік қуаттарды және жабдықтарды жүктеуді есептеу. 4. Уақыттың (өндірістің) техникалық негізделген нормаларын, сызба және желілік кестелерді жасақтауға, бұйым конструкцияларын технологиялыққа өңдеуге, жобаланатын технологиялық процестердің материалдық шығындарының (шикізат, жартылай фабрикаттар, материалдар, құралдар, технологиялық отын, энергия шығынының нормалары), экономикалық тиімділігінің нормативтерін есептеуге қатысуға. 5. Технологиялық нормативтерді, нұсқаулықтарды, құрастыру сызбаларды, маршруттық карталарды, өнімнің техникалық деңгейі мен сапасының карталарын және өзге де технологиялық құжаттаманы жасақтауға, технологиялық процестер мен өндіріс режимдерін түзетуге байланысты техникалық құжаттамаға өзгерістер енгізуге. 6. Жасақталған құжаттаманы ұйымның бөлімшелерімен келісіруге. 7. Технологияда көзделген арнайы жабдықтарды, құралдармен құрылғыларды жобалауға арналған техникалық тапсырмаларды, стандартты емес жабдықтарды, автоматтандыру және механикаландыру құралдарын өндіруге арналған техникалық тапсырмаларды жасақтауға. 8. Басқарушы бағдарламаларды әзірлеуге (сандық бағдарламалық басқарылатын жабдықтар үшін), жасақталған бағдарламаларды ретке келтіруге, оларды пысықтау процесінде түзетуге, бағдарламалармен жұмыс жөніндегі нұсқаулықтарды жасақтауына қатысуға.

Еңбек функциясы 1:
Мұнай және мұнай өнімдерін өңдеудің технологиялық процестерін жасақтау және оңтайландыру

Технологиялық процестерді талдау және жабдықтың жұмыс тәртібін оңтайландыру

9. Патенттік зерттеулер жүргізуге және жобаланатын техника мен технология объектілерінің техникалық деңгейінің көрсеткіштерін анықтауға.
10. Жаңа технологиялық процестерді игеру және оларды өндіріске енгізу бойынша эксперименттік жұмыстарды жүргізуге, өнертабыстар мен өнеркәсіптік үлгілерге өтінімдер жасауға, сондай-ақ еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру, жаңа техниканы енгізу бағдарламаларын, өндірістік қуаттарды уақтылы игеру, технологияны жетілдіру жөніндегі ұйымдастыру-техникалық іс-шараларды әзірлеуге қатысу және олардың орындалуын бақылау.

Білімі:

1. Өндірісті технологиялық дайындау бойынша заңнамалық, өзге де нормативтік құқықтық актілер, әдістемелік және нормативтік-техникалық материалдар.
2. Технологиялық процесс жобаланатын бұйымдардың құрылымы немесе өнімнің құрамы.
3. Ұйым өнімін өндіру технологиясы.
4. Ұйымның техникалық даму перспективалары.
5. Технологиялық процестерді және өндіріс режимдерін жобалау жүйелері мен әдістері.
6. Негізгі технологиялық жабдық және оның жұмыс істеу қағидаттары.
7. Жобаланатындарға сәйкес үздік отандық және шетелдік технологиялардың техникалық сипаттамалары мен экономикалық көрсеткіштері.
8. Үлгілік технологиялық процестер мен өндіріс режимдері.
9. Шикізатқа, материалдарға, дайын өнімге қойылатын техникалық талаптар.
10. Стандарттар және техникалық шарттар, шикізат, материалдар, отын, энергия шығысының нормативтері.
11. Автоматтандырылған жобалау жүйелерінің негіздері.
12. Технологиялық процестерді жобалау кезінде еңбекті ұйымдастырудың негізгі талаптары.
13. Техникалық құжаттаманы жасақтау және ресімдеу жөніндегі басшылыққа алынатын материалдар.
14. Сәйкесті өнімді өндірудің прогрессивті технологиясы саласындағы алдыңғы қатарлы отандық және шетелдік ұйымдардың тәжірибесі.
15. Ішкі еңбек тәртібінің ережесі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары.

Дағдыны тану мүмкіндігі:

Ұсынылмайды

Машықтар:

	<p>Дағды 2: Технологиялық процестер мен жабдықтардың тиімділігін бақылау және бағалау</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Цехтарда технологиялық тәртіптің сақталуын және технологиялық жабдықтың дұрыс пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыруға. 2. Өндіріс технологиясы саласындағы озық отандық және шетелдік тәжірибені зерделеу, материалдар шығынын қысқарту, еңбек сыйымдылығын төмендету, еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған өндіріс тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге және іске асыруға қатысуға. 3. Сапасыз және төмен сортты өнімдердің ақауы мен шығарылу себептерін талдауға, олардың алдын-алу және жою жөніндегі іс-шараларды жасақтауға, сондай-ақ ұйым шығаратын өнімге түсетін жарнамалар қарауына қатысуға. 4. Өнімді техникалық бақылауға және сынау әдістерін жасақтауға. 5. Патенттік және лицензиялық төлқұжаттарды, өнертабыстар мен өнеркәсіптік үлгілерге өтінімдерді жасақтауға қатысуға. 6. Өндіріс технологиясын жетілдіру бойынша рационализаторлық ұсыныстарды қарастыруға және оларды пайдаланудың орындылығы туралы қорытынды беруге. <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ақау түрлері және оның алдын-алу тәсілдері. 2. Патенттік зерттеулер жүргізудің тәртібі мен әдістері. 3. Өнертапқыштық негіздері, техника мен технология объектілерінің техникалық деңгейін талдау әдістері. 4. Есептеу техникасының, коммуникация мен байланыстың қазіргі заманғы құралдары. 5. Экономика, өндірісті ұйымдастыру, еңбек және басқару негіздері.
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
<p>Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:</p>	<p>Көшбасшылық қасиеттері Жүйелік және аналитикалық ойлау Стресске төзімділік, жауапкершілік</p>	
<p>Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:</p>	<p>"Тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған мұнайдың қауіпсіздігі туралы" ЕЭКО ТР 045/2017, "Автокөлік және авиация бензиніне, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыштарға арналған отынға және мазутқа қойылатын талаптар туралы" 013/2011 КО ТР 013/2011 және оларға өз-ара байланысты стандарттар. "Мұнай. Жалпы техникалық шарттар" ҚР СТ 1347-2024, "Мұнай. Жалпы техникалық шарттар" МЕМСТ 31378-2009, "Автокөлік бензиндері. Жалпы техникалық талаптар" ҚР СТ 1183-2003, "Газ турбиналы қозғалтқыштарға арналған авиациялық отын Джет А-1. Техникалық шарттар" ҚР СТ 2420-2013, "Моторлы отын. Этилденбеген бензин. Техникалық шарттар" ҚР СТ 1721-2007, "Дизель отыны. ЕВРО. Техникалық шарттар" ҚР СТ МЕМСТ Р 52368-2009, "Дизель отыны. Техникалық шарттар" МЕМСТ 305-2013, "Авиациялық бензиндер. Техникалық шарттар" МЕМСТ 1012-2013, "Реактивті қозғалтқыштарға арналған отындар. Техникалық шарттар" МЕМСТ</p>	

	10227-86, "Мұнай отыны. Мазут. Техникалық шарттар" МЕМСТ 10585-2013, "Реактивті қозғалтқыштарға арналған термотұрақты Т-6 мен Т-8В. Техникалық шарттар" МЕМСТ 12308-89 және техникалық шарттардың өзге де стандарттары. "Мұнай өңдеу және мұнай-химия өнеркәсібі. Мұнай өңдеу кезіндегі химиялық реагенттер мен реактивтер шығысының нормаларын айқындау" ҚР СТ 3427-2020.		
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	7	Бас технолог	
	7	Бас инженер	
10. "Өндірісті дайындау жөніндегі инженер" кәсібінің картасы:			
Топтың коды:	2141-1		
Кәсіп атауының коды:	2141-1-002		
Кәсіптің атауы:	Өндірісті дайындау жөніндегі инженер		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	-		
БТБА, КС және басқа да үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Басшылар, мамандар және өзге де қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылдың 30 желтоқсанындағы № 553 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 2020 жылдың 31 желтоқсанында № 22003 болып тіркелді. §85. Өндірісті дайындау жөніндегі инженер		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, мамандық, ординатура)	Мамандығы: Инженерлік, өңдеуші және құрылыс салалары	Біліктілігі: -
	Білім деңгейі: ТЖКБ (орта буын маманы)	Мамандығы: Мұнай мен газды өңдеу технологиясы	Біліктілігі: -
	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі білім (қолданбалы бакалавриат)	Мамандығы: Мұнай мен газды өңдеу технологиясы	Біліктілігі: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Өндірісті даярлау жөніндегі I санатты Инженер: тиісті кадрлар даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және өндірісті даярлау жөніндегі II санатты инженер лауазымында жұмыс тәжірибесі 2 жылдан кем емес болуы тиіс; Өндірісті даярлау жөніндегі II санатты Инженер: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және санатсыз өндірісті даярлау жөніндегі инженер лауазымында жұмыс тәжірибесі 3 жылдан кем емес болуы тиіс; Санаты жоқ өндірісті даярлау жөніндегі Инженер: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, жұмыс өтіліне (стажына) талап қойылмайды немесе тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (орта арнайы, орта кәсіптік) білімі және I санатты техник лауазымында жұмыс тәжірибесі 3 жылдан кем емес болуы тиіс.		

Бейресми және ақпараттық байланыс біліммен:	Талап етілмейді	
Кәсіптің басқа да мүмкін атаулары:	2141-1 - Инженер-технологтар (жалпы бейін)	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Өндірістік процестерді ұйымдастыруды және жоспарлауды қамтамасыз ету	
Еңбек функцияларының сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Өндірістік процестерді ұйымдастыруды және жоспарлауды қамтамасыз ету
	Қосымша еңбек функциялары:	-
Еңбек функциясы 1:	<p>Дағды 1: Өндірістік процестерді ұйымдастыру және жоспарлау бойынша процестерді үйлестіру</p>	<p>Машықтар:</p> <p>1. Өндірістік процестердің ырғақтылығын ұйымдастыру үшін бастапқы деректерді дайындауды жүргізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жұмыс өндірісінің сызба және желілік кестелерін әзірлеу үшін жұмыс сипаттамаларын, ерекшеліктерін, кестелерін және басқа да техникалық құжаттамаларын жасақтау. - Технологиялық және еңбек процестерінің карталарын жасақтау. - Материалдар, құралдар, отын және электр энергиясы шығысының операциялық нормаларын, еңбек шығындарын есептеу. - Өндірістік қуаттарды және жабдықтарды жүктеуді есептеу. - Технологиялық жарактандыруға өтінімдер жасақтау. <p>2. Есептеу техникасының /бағдарламалық қамтамасыз етулердің/ коммуникациялардың қазіргі заманғы құралдарын пайдалана отырып, техникалық деректерді және жұмыс нәтижелілігінің көрсеткіштерін техникалық-экономикалық талдауды, қорыту мен жүйелеуді жүзеге асыру.</p> <p>3. Бөлімшелерді қажетті техникалық деректермен, құжаттармен, материалдармен, жабдықтармен қамтамасыз ету.</p> <p>4. Өндірістік қуаттарды неғұрлым тиімді пайдалануды ескере отырып, жедел жоспарлау процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.</p> <p>5. Белгіленген есептілікті жүргізу.</p> <p>Білімі:</p> <ul style="list-style-type: none"> 1. Ұйым қызметінің бағыты бойынша заңнамалық, өзге де нормативтік құқықтық актілер, әдістемелік және нормативтік-техникалық материалдар. 2. Техникалық даму перспективалары және ұйым (ұйым бөлімшелері) қызметінің ерекшеліктері, жұмыс қағидаттары. 3. Жасақталатын және пайдаланылатын техникалық құралдардың, материалдардың техникалық

Өндірістік процестерді ұйымдастыруды және жоспарлауды қамтамасыз ету		<p>сипаттамалары, құрылымдық ерекшеліктері және олардың қасиеттері.</p> <p>4. Есептеу техникасының /бағдарламалық қамтамасыз етудің/ коммуникациялардың қазіргі заманғы құралдары.</p> <p>5. Зерттеу әдістері, жұмыстарды орындау тәртібі мен шарттары.</p> <p>6. Техникалық құжаттамаға, материалдарға, бұйымдарға қойылатын негізгі талаптар.</p> <p>7. Техникалық құжаттаманы жасау және ресімдеу бойынша қолданыстағы стандарттар, техникалық шарттар, ережелер мен нұсқаулықтар.</p> <p>8. Ішкі еңбек тәртібінің ережесі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары.</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	Дағды 2: Өндірістік процестердің тиімділігін бағалау және ресурстарды басқару	<p>Машықтар:</p> <p>1. Өндірістік процесс циклін қысқарту мүмкіндігін іздестіру, өндірістік резервтерді анықтау, оларды пайдалану бойынша ұсыныстар жасақтау.</p> <p>2. Техникалық құжаттаманы бағалауды, жабдықтың жай-күйі мен пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру.</p> <p>3. Белгіленген талаптардың, қолданыстағы нормалардың, тәртіптің және стандарттардың сақталуын бақылау.</p> <p>Білімі:</p> <p>1. Техникалық есептеулер жүргізу және зерттеулер мен әзірлемелердің экономикалық тиімділігін айқындау әдістері.</p> <p>2. Ғылым мен техниканың жетістіктері, тиісті қызмет саласындағы отандық озық және шетелдік тәжірибе.</p> <p>3. Экономика, өндірісті ұйымдастыру, еңбек және басқару негіздері.</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Бейімделу Дербестік және жауапкершілік Тез шешім қабылдай білу Тәртіптілік Стандартты емес өндірістік тапсырмаларды шешу қабілеті	
		"Тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған мұнайдың қауіпсіздігі туралы" ЕЭКО ТР 045/2017, "Автокөлік және авиация бензиніне, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыштар мен мазутқа қойылатын талаптар туралы" КО ТР 013/2011 және оларға өзара байланысты стандарттар. "Мұнай. Жалпы техникалық шарттар" ҚР СТ 1347-2024, "Мұнай. Жалпы техникалық шарттар" МЕМСТ 31378-2009, "Автокөлік бензиндері. Жалпы техникалық талаптар" ҚР СТ 1183-2003, "Газ турбиналы қозғалтқыштарға арналған авиациялық отын Джет А-1. Техникалық шарттар" ҚР СТ 2420-2013, "

Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	Моторлы отын. Этилденбеген бензин. Техникалық шарттар" ҚР СТ 1721-2007, "Дизель отыны. ЕВРО. Техникалық шарттар" ҚР СТ МЕМСТ Р 52368-2009, "Дизель отыны. Техникалық шарттар" МЕМСТ 305-2013, "Авиациялық бензиндер. Техникалық шарттар" МЕМСТ 1012-2013, "Реактивті қозғалтқыштарға арналған отындар. Техникалық шарттар" МЕМСТ 10227-86, "Мұнай отыны. Мазут. Техникалық шарттар" МЕМСТ 10585-2013, "Реактивті қозғалтқыштарға арналған термотұрақты Т-6 мен Т-8В. Техникалық шарттар" МЕМСТ 12308-89 және техникалық шарттардың өзге де стандарттары. "Мұнай өңдеу және мұнай-химия өнеркәсібі. Мұнай өңдеу кезіндегі химиялық реагенттер мен реактивтер шығысының нормаларын айқындау" ҚР СТ 3427-2020.		
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	7	Бас инженер	
11 "Бас технолог (өңдеу өнеркәсібі)" кәсібінің картасы:			
Топтың коды:	1321-0		
Кәсіп атауының коды:	1321-0-014		
Кәсіптің атауы:	Бас технолог (өңдеу өнеркәсібі)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	7		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	-		
БТБА, КС және басқа да үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	-		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі:	Мамандығы:	Біліктілігі:
	-	-	-
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	-		
Бейресми және ақпараттық біліммен байланыс:	-		
Кәсіптің басқа да мүмкін атаулары:	-		
Қызметтің негізгі мақсаты:	"Бас технолог" кәсіби картасының сипаттамасы "Мұнай-газ өңдеу және мұнай-газ химиясы өнеркәсібіндегі өндірісті және өткізуді басқару" кәсіби стандартында келтірілген.		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. -	
	Қосымша еңбек функциялары:	-	
Еңбек функциясы 1:	Дағды 1:	Машықтар:	
	-	-	
	-	Білімі:	
Дағдыны тану мүмкіндігі:	-		

Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	-		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	-		
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	-	-	
12. "Стандарттау жөніндегі маман" кәсібінің картасы:			
Топтың коды	2149-4		
Кәсіп атауының коды:	2149-4-005		
Кәсіптің атауы	Стандарттау жөніндегі маман		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	-		
БТБА, КС және басқа да үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	-		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі:	Мамандығы:	Біліктілігі:
	-	-	-
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	-		
Бейресми және ақпараттық біліммен байланыс:	-		
Кәсіптің басқа да мүмкін атаулары:	-		
Қызметтің негізгі мақсаты:	"Стандарттау жөніндегі маман" кәсіп картасының сипаттамасы "Стандарттаушы" кәсіби стандартында берілген.		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. -	
	Қосымша еңбек функциялары:	-	
Еңбек функциясы 1:	Дағды 1:	Машықтар:	
	-	-	
	-	Білімі:	
-	-		
Дағдыны тану мүмкіндігі:	-		
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	-		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	-		

СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіптің атауы:
-	-	-

4-тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

13. Мемлекеттік органның атауы:

Қазақстан Республикасы энергетика Министрлігі;

Орындаушы: Ердосов Жансеит Жанбулатович;

E-mail: zh.yerdossov@energo.gov.kz;

Телефон нөмірі: +7 (717) 278 68 52.

14. Жасақтауға қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):

Қазақстан Республикасы энергетика Министрлігі;

Жоба жетекшісі: Жиенбаева Акнур Пирмаганбетовна;

E-mail: a.zhienbaeva@energo.gov.kz;

Телефон нөмірі: +7 (717) 278 68 64.

15. Кәсіби біліктілік жөніндегі салалық кеңес: 2024 жылғы 22 қарашадағы мұнай-газ , мұнай өңдеу және мұнай-газ химиясы саласының кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңесі отырысының №8 Хаттамасы.

16. Кәсіптік біліктілік бойынша ұлттық орган: 2024 жылғы 13 қарашадағы кәсіптік стандарт жобасын сараптау қорытындысы бойынша кәсіптік біліктілік жөніндегі Ұлттық органның қорытындысы.

17. "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: 2024 жылғы 17 желтоқсандағы сараптамалық қорытындысы.

18. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: 1 нұсқа, 2024 ж.

19. Болжамды қайта қарау күні: 31.12.2027 ж.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
міндетін атқарушы
2024 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 486 бұйрығына
9-қосымша

"Мұнай мен газды (шикізатты), мұнай мен газды қайта өңдеу өнімдерін тауарлық өндіру, сақтау" кәсіптік стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану саласы:

"Мұнай мен газды (шикізатты), мұнай мен газды қайта өңдеу өнімдерін тауарлық өндіру, сақтау" КС "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес негізгі кәсіптерді құрылымдау үшін біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне қойылатын талаптарды айқындау үшін жұмыскерлердің жұмыс

сипаттамалары мен негізгі еңбек функцияларын сипаттау үшін әзірленді. Осы кәсіптік стандарт өндірістік, қойма және зертханалық бөлімшелерді қоса алғанда, мұнай-газ өнеркәсібі кәсіпорындарында жұмыс істейтін мамандардың қызметін қамтиды. Ол сондай-ақ мұнай өнімдерін тасымалдау, сауда және сақтау саласын, сондай-ақ қауіпсіздік, сапа және өндіріс тиімділігі талаптарына сәйкес өндірістік процестерді басқару мен бақылауды қамтиды.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) бекіту арматурасы (ысырмалар) – құбырдың қимасын толық жабуға қызмет етеді, реттеуші (қысым реттегіштері) - айдалатын сұйықтықтың қысымын немесе шығынын өзгерту үшін, сақтандырғыш (кері және сақтандырғыш клапандар) - рұқсат етілген қысымнан асқан кезде құбырлар мен жабдықтарды қорғау үшін, сондай-ақ сұйықтықтың кері ағынын болдырмау үшін;

2) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

3) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;

4) кәсіптік стандарт – формалды және (немесе) формалды емес, және (немесе) информалды білім беру ескеріле отырып, білімге, машыққа, дағдыға, жұмыс тәжірибесіне, біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, кәсіптік қызметтің нақты бір саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

5) компаундтау – технологиялық рецептураға сәйкес берілген көлемде оның құрамына қоспалар мен компоненттерді тарту әдісімен шикізаттан тауар өнімдерін өндіру; - талаптарға сәйкес берілген көлемде тауар өнімдерінің құрамына қоспалар мен компоненттерді тарту әдісімен тауар өнімдерінің октандық санын арттыру;

6) құбыр арматурасы – құбырлар арқылы тасымалданатын мұнай ағындарын басқаруға арналған. Әрекет принципі бойынша арматура үш класқа бөлінеді: құлыптау, реттеу және қауіпсіздік;

7) машық – кәсіптік міндет шеңберінде жекелеген бірлі-жарым іс-әрекетті физикалық тұрғыдан және (немесе) ақыл-оймен орындау қабілеті;

8) мұнай-газ өнімдері – көмірсутектер мен олардың кейбір туындыларының қоспалары, сондай-ақ мұнай мен Газды өңдеу кезінде алынатын, отын, жағармай материалдары, электр оқшаулағыш орта, еріткіштер, жол жабындары, мұнай-газ-химия шикізаты ретінде және басқа да мақсаттар үшін пайдаланылатын жеке химиялық қосылыстар;

9) отынды біріктіру – бұл отын компоненттері мен қоспалардың қажетті пропорцияларында араластыру, содан кейін отынды стандартқа сай күйге келтіру үшін қоспаны гомогенизациялау;

10) реагент шаруашылығы – зауыттың технологиялық қондырғыларын реагенттермен және техникалық майлармен қамтамасыз ететін бөлімше. Реагенттік шаруашылықта концентрацияланған реагенттер сақталады және мұнда олардың ерітінділері дайындалады;

11) резервуарлар – мұнай мен мұнай өнімдерін сақтауға арналған сыйымды жабдық;

12) сыйымдылық жабдықтары – бұл газ тәрізді және сұйық заттарды сақтауға арналған әртүрлі ыдыстар мен резервуарлар;

13) тауар өндірісі – берілген сапа көрсеткіштерімен мұнай мен газды қайта өңдеудің тауарлық өнімдерін ала отырып, әртүрлі қоспаларды пайдалана отырып компоненттерді араластыру;

14) технологиялық құбырлар – шикізат, жартылай фабрикаттар және дайын өнімдер, бу, су, отын, реагенттер және технологиялық процесті жүргізуді және жабдықты пайдалануды қамтамасыз ететін басқа да заттар тасымалданатын өнеркәсіптік кәсіпорындар шегіндегі құбырлар;

15) төгу-құю эстакадалары – темір жол төгу-құю эстакадасы мұнай өнімдерін (бензин, дизель отыны, мұнай, май, сондай-ақ мазут төгу эстакадасы ретінде пайдалануға болады) темір жол цистерналарына төгу және құю жөніндегі операциялардың орындалуын қамтамасыз ету және цистернаға кіруді жеңілдету үшін пайдаланылады;

16) ысырма – өтпелі қимасы қақпаның мұнай немесе мұнай өнімі қозғалысының бағытына перпендикуляр бағытта үдемелі орын ауыстыруымен жабылатын бекіту құрылғысы;

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

1) БА – Біліктілік анықтамалығы;

2) БТБА – Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын;

3) БӨАЖА – бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика;

4) КС – Кәсіптік стандарт;

5) МӨЗ – мұнай өңдеу зауыты;

6) ТжКБ – техникалық және кәсіптік білім;

7) ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері.

2-тарау. Кәсіптік стандарттың төлқұжаты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Мұнай мен газды (шикізатты), мұнай мен газды қайта өңдеу өнімдерін тауарлық өндіру, сақтау.

5. Кәсіптік стандарттың коды: С19201091.

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

С Өңдеу өнеркәсібі;

19 Кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру;

19.2 Мұнайдың өңделген өнімдерін, шымтезек пен көмірден брикеттер өндіру;

19.20 Мұнайдың өңделген өнімдерін, шымтезек пен көмірден брикеттер өндіру;

19.20.1 Мұнай өңдеу өнімдерін өндіру.

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: "Мұнай мен газды (шикізатты), мұнай мен газды қайта өңдеу өнімдерін тауарлық өндіру, сақтау" КС мұнай мен газды өндіру, сақтау және өңдеу саласындағы мамандардың кәсіптік білімдері мен дағдыларына қойылатын талаптарды анықтайды. Шикізатпен және өңделген өнімдермен жұмыс істеудің негізгі аспектілерін, сондай-ақ салалық талаптарға сәйкес қауіпсіздікті қамтамасыз ету және сапа стандарттарын сақтау дағдыларын қамтиды.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

- 1) Учаске бастығы (машиналы, жылжымалы, резервуарлы және т. б.) - 7 СБШ-нің деңгейі;
- 2) Резервуарлар жөніндегі инженер - 6 СБШ-нің деңгейі;
- 3) Мастері (резервуарлық парктер) - 6 СБШ-нің деңгейі;
- 4) Тауарлар операторы - 2 СБШ-нің деңгейі;
- 5) Технологиялық компрессорлар машинисі - 4 СБШ-нің деңгейі;
- 6) Технологиялық сорғылар машинисі - 3 СБШ-нің деңгейі;
- 7) Мұнай құятын ыдыстарды қараушы - 2 СБШ-нің деңгейі;
- 8) Тауарлар операторы - 4 СБШ-нің деңгейі;
- 9) Тауарлар операторы - 3 СБШ-нің деңгейі.

3-тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы "Учаске бастығы (машиналы, жылжымалы, резервуарлы және т. б.)":			
Топтың коды:	1325-2		
Қызмет атауының коды:	1325-2-023		
Кәсіптің атауы:	Учаске бастығы (машиналы, жылжымалы, резервуарлы және т. б.)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	7		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	-		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 22003 болып тіркелді. §95. Шаруашылық бөлімнің бастығы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)	Мамандық: (Өндірістік және өңдеу салалары	Біліктілік: -
	Білім деңгейі:	Мамандық:	

	жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	(Өндірістік және өңдеу салалары)	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша кемінде 2 жыл жұмыс өтілі немесе тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнайы орта, кәсіптік орта) білім және мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Талап етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	1322-0-039 - Учаске мастері (кен қазу өнеркәсібі)		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Учаскеде мұнай мен газ өндіруді қамтамасыз ету		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Резервуарлық парктің қызметін қамтамасыз ету және бақылау	
	Қосымша еңбек функциялары:	-	
	Дағды 1: Резервуар паркінің қызметін жоспарлау	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мұнай мен мұнай өнімдерін қабылдау, сақтау және жөнелту, резервуарларды сынау және пайдалануға қабылдау, оларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша жоспарлы тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ету. 2. Жұмыстардың қауіпсіз орындалуын, технологиялық процесті жүргізудің белгіленген нормаларын сақтауды, жабдықтарды, арматураларды, аспаптарды, құралдарды, коммуникацияларды, ғимараттарды, құрылыстарды дұрыс пайдалануды қамтамасыз ету. 3. Аспаптарға, арматураға, сақтандырғыш және аварияға қарсы құрылғыларға, дабыл, өрт сөндіру жүйелері мен құбырларға техникалық куәландыруды және тексеруді уақтылы жүргізуді қамтамасыз ету. 4. Жаңа жабдықтарды енгізуді және игеруді, резервуарлар мен резервуарлық парктерді автоматтандыруды және телемеханизациялауды жүзеге асыру. 5. Техникалық қызмет көрсетуді және жоспарлы-алдын алу жөндеулерін уақтылы жүргізу әдісімен өрт сөндіру жүйесін жұмысқа жарамды күйде ұстау. 6. Қауіптілігі жоғары жұмыстарды дайындау және қауіпсіз жүргізу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу, оларды жүргізу кезінде қауіпсіздік шараларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру. 7. Жұмыс орындарын еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі құралдармен, техникалық 	

<p>Еңбек функциясы 1: Резервуарлық парктің қызметін қамтамасыз ету және бақылау</p>		<p>құжаттамамен, плакаттармен және ескерту жазбаларымен қамтамасыз етуді үйлестіру.</p> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Резервуар паркінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер. 2. Резервуар паркі құрылымының мамандануы мен ерекшеліктері. 3. Резервуар паркінің өндірістік қуаттары мен кадр ресурстары туралы ақпарат. 4. Ұйымды басқарудың заманауи қаржылық-экономикалық әдістері. 5. Ішкі еңбек тәртібінің тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары.
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
	<p>Дағды 2: Қойылған міндеттердің орындалуын бақылау</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Газға қауіпті және отты жұмыстарды дайындау және жүргізу жөніндегі іс-шаралардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру. 2. Аса жауапты технологиялық операцияларды жүргізуді бақылауды жүзеге асыру. 3. Өндірістік персоналдың ауысымдарды қабылдау-тапсыруының дұрыстығын бақылауды жүзеге асыру. 4. Өндіріс қызметкерлерінің жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарын дұрыс қолдануын бақылауды жүзеге асыру. 5. Белгіленген нормаларға сәйкес қызметкерлерді қорғау құралдарымен, қорғау құралдарымен және гигиена құралдарымен қамтамасыз етуді бақылауды жүзеге асыру. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Резервуар паркінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер. 2. Резервуар паркі құрылымының мамандануы мен ерекшеліктері. 3. Стратегиялық және жедел жоспарлау негіздері. 4. Ішкі еңбек тәртібінің тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары.
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>-</p>
<p>Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:</p>	<p>Көшбасшылық қасиеттер Жүйелік және аналитикалық ойлау Стреске төзімділік, жауапкершілік Теориялық және практикалық білімді қолдана отырып, кәсіби мәселелерді өз бетімен шешу Еңбекті ұтымды ұйымдастыру</p>	

Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	МЕМСТ 1510-2022 "Мұнай және мұнай өнімдері. Таңбалау, орау, тасымалдау және сақтау".		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	7	Учаске бастығы	
10. Кәсіптің карточкасы "Резервуарлар жөніндегі инженер":			
Топтың коды:	2147-4		
Қызмет атауының коды:	2147-4-006		
Кәсіптің атауы:	Резервуарлар жөніндегі инженер		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	-		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 22003 болып тіркелді. § 85. Өндірісті дайындау жөніндегі инженер		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Өндірістік және өңдеу салалары	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: ТЖКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Мұнай мен газды қайта өңдеу технологиясы	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: ТЖКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Мұнай мен газды қайта өңдеу технологиясы	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	I санаттағы резервуарлар жөніндегі инженер: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және II санаттағы өндірісті дайындау жұмысы лауазымында кемінде 2 жыл жұмыс өтілі; II санаттағы резервуарлар жөніндегі инженер: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және санатсыз өндірісті дайындау жұмысы лауазымында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі; Санатсыз резервуарлар жөніндегі инженер: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды немесе тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнайы орта, кәсіптік орта) білім және I санатты техник лауазымында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Талап етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2147-4-014 - Резервуар парк инженері		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Резервуарлардың өндірістік қызметін басқару		

Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	<p>1. Резервуарлар бойынша өндірістік тапсырманы орындауды қамтамасыз ету</p> <p>2. Қызмет бағыты бойынша нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеу</p> <p>3. Резервуарлардың, коммуникациялардың, өндірістік үй- жайлардың техникалық жай- күйін бақылауды жүзеге асыру</p>
	Қосымша еңбек функциялары:	-
Еңбек функциясы 1: Резервуарлар бойынша өндірістік тапсырманы орындауды қамтамасыз ету	Дағды 1: Бағынысты персоналдың жұмысын ұйымдастыру	<p>Машықтар:</p> <p>1. Шеберлердің, бригадалардың жұмысын басқару.</p> <p>2. Бағынысты қызметкерлерді іріктеуді және ұтымды орналастыруды жүзеге асыру.</p> <p>3. Авариялар мен өндірістік жарақаттанудың алдын алу жөніндегі іс- шараларды әзірлеу және олардың орындалуын ұйымдастыру.</p> <p>4. Жеке және ұжымдық қорғану құралдарын, алғашқы өрт сөндіру құралдарын қолдану.</p> <p>5. Қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын жасау.</p> <p>6. Персонал үшін нұсқаулық жүргізу бойынша жоспар жасау.</p> <p>7. Еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестаттау бағдарламасын әзірлеу.</p>
		<p>Білімдер:</p> <p>1. Заңнаманы, соның ішінде ҚР Экологиялық кодексін, ҚР "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Кодексін, ҚР "Азаматтық қорғау туралы" Заңын, ҚР "Магистральдық құбыр туралы" Заңын білу.</p> <p>2. Ұйымның өндірістік қызметіне қатысты ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттар мен әдістемелік материалдар.</p> <p>3. Өндірістік тапсырмаларды құрастыру және өндірісті жедел басқару мәселелеріне қатысты жоғары тұрған.</p> <p>органдардың нормативтік құқықтық актілері, басқа да басшылық, әдістемелік және нормативтік материалдары.</p> <p>4. Еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестаттау ережесі.</p> <p>5. Экономика негіздері.</p> <p>6. Өндірісті, еңбекті және басқаруды ұйымдастыру.</p> <p>7. Ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария тәртібі, өрт қауіпсіздігінің талаптары.</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
		Машықтар:

	<p>Дағды 2: Технологиялық процестің дұрыс жүргізілуін бақылауды жүзеге асыру</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Резервуарларды, сорғыларды, коммуникацияларды техникалық пайдалану талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізу. 2. Мұнай шығынын азайту, реагенттерді, электр энергиясын, материалдарды үнемді жұмсау жөніндегі іс-шараларды іске асыру. 3. Мұнайды қабылдау және жеткізу бойынша есепке алу-есеп беру құжаттамасын әзірлеу. 4. Қажетті құжаттаманы ресімдеу. 5. Резервуарлардың/резервуарлық парктің өндірістік қызметінің нәтижелеріне талдау жүргізу. 6. Резервуарлық парктегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тауар өнімдері мен реагенттердің физика-химиялық қасиеттері. 2. Мұнайды дайындау және айдау технологиясы. 3. Құбырлардың технологиялық схемасы. 4. Резервуарлық паркті жабдықтау және оны пайдалану ережесі. 5. Резервуарлық парктің технологиялық жұмыс режимі. 6. Сорғы жабдығы. 7. Шикі және дайын мұнайға стандарттар мен техникалық шарттар. 8. Өнімді қабылдау, сақтау және жеткізу бойынша есепке алу және бақылау. 9. Өнеркәсіптік объектінің бекітілген аумағын күтіп-ұстауға қойылатын талаптар. 10. Ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария тәртібі, өрт қауіпсіздігінің талаптары.
<p>Еңбек функциясы 2:</p>	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Ұсынылмайды</p> <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және қайта қарау. 2. Тауарлық өнімді қабылдау, орналастыру, сақтау, айдау және босату үшін қолданылатын технологиялық жабдықтың қызмет көрсету бойынша құжаттамасын ресімдеу. 3. Жергілікті нормативтік актілерді әзірлеу, өзектендіру. 4. Объектідегі аварияларды жою жоспарын әзірлеу. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. От, газ қауіпті және қауіптілігі жоғары басқа да жұмыстарды жүргізу жөніндегі НТҚ. 2. Аварияларды жою жоспарларын әзірлеуге қойылатын талаптар. 3. Стандарттау және сертификаттау жөніндегі нормативтік құжаттар.
	<p>Дағды 1: Өндірістік-технологиялық құжаттаманы әзірлеу</p>	

<p>Қызмет бағыты бойынша нормативтік- техникалық құжаттаманы әзірлеу</p>		<p>4. Техникалық құжаттаманы әзірлеу және ресімдеу жөніндегі нұсқаулықтар және басқа да басшылық материалдар.</p> <p>5. Технологиялық жабдықтың тауарлық өнімін қабылдау, орналастыру, сақтау, айдау және жіберу үшін қолданылатын ақаулықтардың түрлері.</p> <p>6. Резервуарлық парк жабдығының техникалық жай-күйінің сәйкестігін бақылау ережесі мен құралдары.</p> <p>7. Ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария тәртібі, өрт қауіпсіздігінің талаптары.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
	<p>Дағды 1: Техникалық қызмет көрсету кестелерінің орындалуын қамтамасыз ету</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Резервуарларды ағымдағы және күрделі жөндеу кестесін жасау және олардың орындалуын бақылау. 2. Резервуарларды, сыйымдылықтар мен цистерналарды сынау, диагностикалау, жөндеу жүргізуге өтінім, техникалық тапсырмалар жасау. 3. Объектілерде жабдықтардың, тетіктердің жай-күйін және еңбек жағдайларын талдау. 4. Өндірістік процестерді автоматтандырудың жаңа техникасы мен технологияларын енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу және жоспарлар құру. 5. Мамандандырылған бағдарламалық өнімдермен жұмыс жүргізу. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мұнай өнеркәсібіндегі инновациялар мен үздік тәжірибелерді білу. 2. Резервуарлық парктің жабдықтарына жоспарлы-алдын ала жөндеу жүргізу кестелерін жасауға қойылатын талаптар және олардың орындалуын бақылау. 3. Технологиялық жабдықтың, резервуарлардың, сыйымдылықтардың, цистерналардың тауарлық өнімін қабылдау, орналастыру, сақтау, айдау және босату үшін қолданылатын орналастыру схемасы. 4. Технологиялық жабдықтың тауарлық өнімін қабылдау, орналастыру, сақтау, қайта айдау және босату үшін қолданылатын айналып өту маршруттары. 5. Резервуарлардың, сыйымдылықтардың, цистерналардың пайдалануға жарамдылығын бағалау критерийлері. 6. Тауарлық өнімді қабылдау, орналастыру, сақтау, айдау және босату үшін қолданылатын технологиялық жабдықтарды, резервуарларды, ыдыстарды, цистерналарды тазалау, булау, үрлеу, жуу тәртібі. 7. Технологиялық жабдықтың, резервуарлардың, сыйымдылықтардың, цистерналардың тауарлық

Еңбек функциясы 3:
Резервуарлардың,
коммуникациялардың,
өндірістік үй- жайлардың
техникалық жай- күйін
бақылауды жүзеге асыру

өнімін қабылдау, орналастыру, сақтау, айдау және жіберу үшін қолданылатын тазалау, булау, үрлеу, шаюға арналған ерітінділер мен құралдардың құрамы.

8. Тауарлық өнімді қабылдау, орналастыру, сақтау, қайта айдау және босату үшін қолданылатын технологиялық жабдықты пайдаланудан шығаруға және пайдалануға беруге дайындау жөніндегі талаптар.

9. Бөгде ұйымдармен өзара іс-қимыл регламенті.

10. Ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария тәртібі, өрт қауіпсіздігінің талаптары.

Дағдыны тану мүмкіндігі
:

Ұсынылмайды

Дағды 2:
Резервуарларға
техникалық қызмет
көрсету бойынша
жұмыстарды жүргізу

Машықтар:

1. Жалпы резервуарлардың сыртқы жағдайын көзбен бағалау.
2. Резервуарлардың сыйымдылығын және градуирленуін өлшеу хаттамаларын жасау.
3. Күрделі және қауіпті жұмыстарды орындауды ұйымдастыру.
4. Жөндеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру.
5. Тауарлық өнімді қабылдау, орналастыру, сақтау, айдау және жіберу үшін қолданылатын технологиялық жабдықтардың, резервуарлардың, сыйымдылықтардың, цистерналардың механикалық зақымдануын анықтау.
6. Сыртқы белгілері бойынша тауар өнімдерінің ағуын анықтау.
7. Резервуарлардың, сыйымдылықтардың, цистерналардың, құбырлардың, бекіткіш және реттеуші арматураның сыртқы бетінің ластану дәрежесін бағалау.

Білімдер:

1. Тауарлық өнімді қабылдау, орналастыру, сақтау, айдау және жіберу үшін қолданылатын технологиялық жабдықтың, резервуарлардың, сыйымдылықтардың, цистерналардың мақсаты, құрылысы, әрекет ету принциптері және пайдалану тәртібі.
2. Мұнай аулағыштардың құрылысы, жұмыс принципі және пайдалану ережесі.
3. Авариялық жағдайлардың түрлері мен пайда болу себептері, олардың алдын алу және жою тәсілдері.
4. Өнеркәсіптік объектідегі авариялардың, инциденттердің және олардың салдарларының алдын алу, оқшаулау және жою жоспарлары.
5. Өнеркәсіптік объектінің бекітілген аумағын күтіп ұстауға қойылатын талаптар.
6. Резервуарлық паркті технологиялық қондырғылармен, өндіріс цехтерімен, темір жол

		эстакадасымен және айлақпен байланыстыратын құбырлардың технологиялық схемалары. 7. Ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария тәртібі, өрт қауіпсіздігінің талаптары.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Күйзеліске тұрақтылық Көшбасшылық (ұйымдастырушылық және басқарушылық) сапа Аналитикалық және жүйелі ойлау Ішінара және толық белгісіздік жағдайында шешім қабылдай білу Қабылданатын шешімдер үшін жауапкершілік		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	МЕМСТ 1510-2022 "Мұнай және мұнай өнімдері. Таңбалау, орау, тасымалдау және сақтау".		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	7	Парк бастығы (машина, понтон, резервуарлық және т. б.)	
11. Кәсіптің карточкасы "Мастері (резервуарлық парктер)":			
Топтың коды:	1321-0		
Қызмет атауының коды:	-		
Кәсіптің атауы:	Мастері (резервуарлық парктер)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	-		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 22003 болып тіркелді. § 90 Учаске шебері		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Өндірістік және өңдеу салалары	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: ТЖКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Мұнай мен газды қайта өңдеу технологиясы	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және өндірісте кемінде 1 жыл жұмыс өтілі немесе тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнайы орта, кәсіптік орта) білім және өндірісте кемінде 3 жыл жұмыс өтілі, тиісті мамандық бойынша білімі болмаған кезде өндірісте кемінде 5 жыл жұмыс өтілі.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Талап етілмейді		

Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	1321-0-023 - Учаске мастери (өңдеу өнеркәсібі)	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Учаске бастығының келісімі бойынша тауар-шикізат парктері учаскесінде өндірістік-шаруашылық қызметке басшылықты жүзеге асыру	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Мұнай өнімдерін қабылдау-жіберу бойынша белгіленген жоспарлы тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі өндірістік қызметті ұйымдастыру
	Қосымша еңбек функциялары:	-
		<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ұйымның өндірістік-шаруашылық қызметін реттейтін қолданыстағы заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес өндірістік учаскеге басшылықты жүзеге асыру. 2. Учаскенің өнім өндіру көлемі, сапасы және берілген номенклатура бойынша өндірістік тапсырмаларды орындауын қамтамасыз ету, еңбек өнімділігін арттыру, жабдықты ұтымды жүктеу және оның техникалық мүмкіндіктерін пайдалану негізінде өнімнің еңбек сыйымдылығын төмендету. 3. Өндірісті уақтылы дайындау, жұмысшылар мен бригадаларды орналастыруды қамтамасыз ету, технологиялық процестердің сақталуын бақылау, олардың бұзылу себептерін жедел анықтау және жою. 4. Жаңа технологиялық процестер мен өндіріс режимдерін, сондай-ақ өндірістік кестелерді әзірлеуге және жетілдіруге қатысу. 5. Шығарылатын өнімнің немесе орындалатын жұмыстың сапасын тексеру, ақаудың алдын алу және өнім сапасын арттыру бойынша іс-шараларды жүзеге асыру. 6. Учаскені реконструкциялау, технологиялық жабдықтарды жөндеу, өндірістік процестерді механикаландыру және автоматтандыру бойынша аяқталған жұмыстарды қабылдауға қатысу. 7. Еңбектің озық әдістері мен тәсілдерін, сондай-ақ оны ұйымдастыру, жұмыс орындарын аттестаттау және ұтымды ету нысандарын енгізуді ұйымдастыру. 8. Жұмысшылардың өндіріс нормаларын орындауын және өндірістік алаңдарды, жабдықтар мен құралдарды дұрыс пайдалануды қамтамасыз ету. 9. Бригадаларды қалыптастыруды жүзеге асыру, бригадаларға ұтымды қызмет көрсету жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және енгізу, олардың қызметін үйлестіру. 10. Бекітілген өндірістік жоспарларға сәйкес бригадалар мен жекелеген жұмысшыларға

Еңбек функциясы 1:
Мұнай өнімдерін
қабылдау-жіберу
бойынша белгіленген
ж о с п а р л ы
тапсырмалардың
орындалуын қамтамасыз
ету жөніндегі өндірістік
қызметті ұйымдастыру

Дағды 1:
Өндірістік
тапсырмалардың
орындалуын бақылау

өндірістік тапсырмаларды белгілеу және уақтылы жеткізу.

11. Жұмысшыларға өндірістік нұсқаулар беру, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша іс-шаралар өткізу.

12. Еңбекті ұйымдастырудың прогрессивті нысандарын енгізуге жәрдемдесу, әзірлеу нормалары мен бағаларын қайта қарау туралы ұсыныстар енгізу.

13. Өндірістік қызметтің нәтижелерін талдау, бастапқы құжаттардың дұрыс және уақтылы ресімделуін қамтамасыз ету.

14. Озық тәжірибені таратуға, бастаманы дамытуға және рационализаторлық ұсыныстарды енгізуге жәрдемдесу.

15. Еңбек шығындарының нормаларын уақтылы қайта қарауды және техникалық негізделген нормаларды енгізуді қамтамасыз ету.

16. Өндіріс резервтерін анықтауға және еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге қатысу.

17. Жұмысшылардың қауіпсіздік, еңбекті қорғау және еңбек тәртібін сақтауын бақылау.

18. Жұмысшылар мен бригадирлердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.

Білімдер:

1. Учаскенің өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты заңнамалық, өзге де нормативтік құқықтық актілері, әдістемелік және нормативтік-техникалық материалдар.

2. Учаске шығаратын өнімге қойылатын техникалық сипаттамалар мен талаптар, оны өндіру технологиясы.

3. Учаскенің жабдығы және оны техникалық пайдалану тәртібі.

4. Учаскенің өндірістік-шаруашылық қызметінің әдістері.

5. Жұмыстар мен жұмысшыларды тарификациялау тәртібі.

6. Жұмыстардың нормалары мен бағалары, оларды қайта қарау тәртібі.

7. Еңбекке ақы төлеу және материалдық ынталандыру нысандары туралы қолданыстағы тәртібі.

8. Өндірісті басқару бойынша озық отандық және шетелдік тәжірибе.

9. Экономика, өндірісті ұйымдастыру, еңбек және басқару негіздері.

10. Ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария тәртібі, өрт қауіпсіздігінің талаптары.

	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p> <p>Дағды 2: Өндірістік бригадалар мен жұмыс процестерінің тиімді жұмысын ұйымдастыру</p> <p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Ұсынылмайды</p> <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жаңа технологиялық процестер мен өндіріс режимдерін, сондай-ақ өндірістік кестелерді әзірлеуге және жетілдіруге қатысу. 2. Еңбектің озық әдістері мен тәсілдерін, сондай-ақ оны ұйымдастыру, жұмыс орындарын аттестаттау және ұтымды ету нысандарын енгізуді ұйымдастыру. 3. Жұмысшылардың өндіріс нормаларын орындауын және өндірістік алаңдарды, жабдықтар мен құралдарды дұрыс пайдалануды қамтамасыз ету. 4. Бригадаларды қалыптастыруды жүзеге асыру, бригадаларға ұтымды қызмет көрсету жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және енгізу, олардың қызметін үйлестіру. 5. Бекітілген өндірістік жоспарларға сәйкес бригадалар мен жекелеген жұмысшыларға өндірістік тапсырмаларды белгілеу және уақтылы жеткізу. 6. Еңбекті ұйымдастырудың прогрессивті нысандарын енгізуге жәрдемдесу, әзірлеу нормалары мен бағаларын қайта қарау туралы ұсыныстар енгізу. 7. Жұмысшылар мен бригадирлердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жұмыстарды және жұмысшыларды тарифтеу тәртібі. 2. Жұмыстардың нормалары мен бағалары, оларды қайта қарау тәртібі. 3. Еңбекақы төлеу және материалдық ынталандыру нысандары туралы қолданыстағы ережелер. 4. Экономика, өндірісті ұйымдастыру, Еңбек және басқару негіздері. 5. Ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария тәртібі, өрт қауіпсіздігінің талаптары. <p>Ұсынылмайды</p>
<p>Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:</p>	<p>Көшбасшылық (ұйымдастырушылық және басқарушылық) қасиеттер Аналитикалық және жүйелік ойлау Стресске төзімділік Ішінара және толық белгісіздік жағдайында шешім қабылдау мүмкіндігі Қабылданған шешімдер үшін жауапкершілік</p>	
<p>Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:</p>	<p>МЕМСТ 1510-2022 "Мұнай және мұнай өнімдері. Таңбалау, орау, тасымалдау және сақтау".</p>	

СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:		
	7	Учаске бастығы (машиналық, понтондық, резервуарлық және т. б.)		
	6	Резервуарлар жөніндегі инженер		
12. Кәсіптің карточкасы "Тауарлар операторы":				
Топтың коды:	8131-9			
Қызмет атауының коды:	8131-9-171			
Кәсіптің атауы:	Тауарлар операторы			
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	2			
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	-			
